

ХАЙМУЛДАНОВ ЕРЛАН СЕИЛХАНОВИЧ

**Математиканы оқытуда тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін
ұйымдастыру әдістемесі**

6D010900 - Математика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор Смагулов Е.Ж.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор Бабаев Д.

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚARTУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ТЕСТ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
1.1 Оқу іс-әрекеті және оның негізгі компоненттері	14
1.2 Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық аспектілері	21
1.3 Тест тапсырмаларының түрлері және тиімділігі	25
1.4 Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ақпараттық технологиялардың алатын орны	33
Бірінші бөлім бойынша тұжырымы	54
2 МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ТЕСТ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	55
2.1 Математиканы оқытуда қолданылатын тест нұсқаларының ерекшеліктері	55
2.2 Оқушылардың оқу іс-әрекетін математиканы оқытуда тест арқылы ұйымдастыру әдістемесі	64
2.3 Педагогикалық эксперимент нәтижелері мен тұжырымдары	97
Екінші бөлім тұжырымы	108
ҚОРЫТЫНДЫ	109
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	113
ҚОСЫМШАЛАР	122

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мемлекеттік стандарттар мен құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

«Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қазанда № 8827 тіркелді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011.

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Астана. 28.08.2015 ж.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана 2016. 1 наурыз, №205 Жарлық.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012 <http://www.akorda.kz>. 10.01.2016 жыл.

Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. Астана, 2018ж. 10 қаңтар.

ҚР МЖМБС 3. 08. 002-2004 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 6.08.058-2010.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (Қазақстан Республикасы Үкіметі 2012 жыл 23 тамыз №1080).

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы 24.10.2011ж. №407 - IV. – Астана, 2011. (29.09.2014 ж. өзгерістер енгізілген). <http://adilet.zan.kz>.

АНЫҚТАМАЛАР

Математиканы оқыту әдістемесі – математиканы оқытудың міндеттері, мазмұны мен әдістері туралы педагогикалық ғылым. Ол тиімділігі мен сапасын арттыру үшін математиканы оқыту процесін зерттейді және математика пәнін қалай оқыту керектігін қарастырады.

Оқу іс-әрекеті – оқудың мақсаты мен нәтижесін үйрену, білім, іскерлік, дағдыларды меңгеру болып табылатын іс-әрекеті.

Жүйелік-құрылымдық әдіс - әрбір тақырып бойынша бірнеше диагностикалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған әдіс.

Оқу элементтері - зерделенуге жататын пәнді, процесті, құбылысты, ерекшеліктерді, байланысты (өзара қарым-қатынас), қолдану (пайдалану) әдістерін, сондай-ақ іс-әрекеттік ыңғайды атайды.

Қолданбалы математика – математикадан тыс туындаған математикалық есептер шығару туралы ғылым деп атаймыз. Қолданбалы есептерді шешу ерекшелігі, оларды шешкенде тек индуктивті талдау және дедуктивті логика ғана қолданып қоймайды, олармен қоса ұқсастыққа және сандық немесе физикалық экспериментке негізделген шындыққа сай келетін талдау жасалады.

Математикалық есеп дегеніміз – математикадағы заңдылықтар, ережелер мен әдіс-тәсілдер негізінде оқушылардың ойы мен іс-әрекетін талап ететін және математикалық білімді меңгеруге, оларды практикада қолдана білуге дағдыландыруға, ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ситуация.

Дағды – бұл саналылықпен орындалған іс-әрекеттің жеке бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталуы. Физиология ғылымында оны «шартты рефлекс» дейді. Дағдының түрлері көп. Олардың бастылары: мектепте (оқу, жазу, есептеу, т.б.) спортта (коньки, шаңғы тебу, футбол ойнау, күрес, т.б.). Дағды іске шапшаң, шұғыл кірісуге мүмкіндік береді, оның арқасында сана әрекеттің түпкілікті, шешуші кезеңдеріне жұмылдырады да, ондағы табыс нәтижелі болады.

Тест – компьютердің және оның программалық жабдығының дұрыс жұмыс жасайтындығын тексеруге арналған бақылау тапсырмасы; сыналатын программа немесе құрылғының дұрыстығын тексеруге арналған әрекеттер процедурасы және психологияда адамның жеке басындағы психологиялық ерекшеліктері мен қабілетін, ақыл-ой деңгейін белгілі нормалар тұрғысынан іздестіретін әдіс. Сынақ әдісі арқылы адамның меңгерген білім деңгейі мен ықылас ынтасы да зерттеліп, оның нәтижелері салыстырмалы түрде қорытындыланады. Қазіргі күнде тест әдісі кеңінен қолданылады. «Тест» – ағылшын сөзі, мағынасы «сынақ» дегенді білдіреді. Тест – адам психологиясы мен қылықтарының сапалық және сандық қасиеттерін, алдын ала берілген стандартты нормалармен салыстыра отырып бағалайтын психологиялық зерттеулердегі әдіс.

Тестілеу - тұтас компьютердің немесе оның жекелеген бөліктері мен программалық жасақтамалары жұмысының дұрыстығын анықтайтын процесс.

Критерий (kriterion) – дегенді білдіреді. Орындалуы қандай да бір заңның немесе тәсілдің қолданушылығын қамтамасыз ететін шарт.

Критерийалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу – танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру процесі.

Критерийалды бағалаудың басты ерекшелігі:

- Алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- Анық, айқындылығы;
- Бағаның әділдігі;
- Өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Дескриптор (Standard) – оқушының белгілі бір тапсырма бойынша орындалған жұмысының деңгейін немесе сапасын сипаттайтын тұжырым және оқушының ең жақсы нәтижеге жетудегі әрбір қадамының жетістігі.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Компьютерлік математика – классикалық математика мен информатиканың байланысынан туындаған ғылымы мен техникадағы жаңа бағыт.

GeoGebra – геометрия, алгебра, электрондық кестелер, графиктер, статистиканы және есептеулерді бір қарапайым пакетте біріктіретін білім берудің барлық деңгейлеріне арналған динамикалық математикаға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР БҒССҚЕК – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті

ЖОО – жоғары оқу орны

ПТ – педагогикалық технология

ҰБТ – ұлттық бірінғай тестілеу

БЖБ - бөлім бойынша жиынтық бағалау

ТЖБ - тоқсандық жиынтық бағалау

НЛП - нейролингвистикалық программалау

ДК – дербес компьютер

АТ – ақпараттық технология

АКТ – ақпараттық коммуникациялық технологиялар

АТТ – ақпараттық телекоммуникациялық технология

АОЖ – автоматтандырылған оқыту жүйелері

БҚ – бағдарламалық қамтамасыздандыру

ОӨЖ – оқушылардың өздігімен жұмысы

ЭОБ – Электронды оқу басылымы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек», - деп көрсетілген. Осы жағдайлардың бірі білім беру процесін дидактикалық қамтамасыз ету болып табылады [1].

Сонымен қатар, қазіргі қоғамның сұранысына байланысты білім беру жүйесіне жаңа құндылықтар еніп, білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Осыған орай, қазіргі таңда әлемдік кеңістікке араласуға дайын, қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған сапалы білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын қайта қарау талап етіліп отыр. Оны жаңа сапаға көтеру – қоғамдық мәселеге айналуға.

«Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылғы бағдарламасында»: «Бүгінгі білім берудің басты мақсаты – тек білім, біліктілік, дағдылар жүйесі ғана емес, осы білімді өмірде қолдана алу, өз бетімен білім алу, құбылмалы заманда тиімді өмір сүріп, жұмыс істеу дағдыларын дамыту» қажет делінген [2].

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында, егемендік алған мемлекетіміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси өркендеуі үшін алдымен отандық білімді жетілдіру, өзінің және оған жақын мамандықтарды еркін меңгерген, мамандығы бойынша әлемдік стандарт деңгейіне сай нәтижелі жұмыс атқара алатын білікті кәсіби мамандар дайындау қажеттігі айтылған [3].

Оқушының жеке басының жалпы және ерекше қасиеттерін қалыптастыруда математика пәні маңызды рөл атқарады. Математика оқушыларға өз іс-әрекеттерін оңтайландыруға, шешім қабылдауға және іс-әрекеттерді тексеруге, қателерді түзетуге, дәлелді және дәлелденбеген тұжырымдарды ажырата білуге үйретеді.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруын ғалымдар мен әдіскерлер В.В.Давыдов [4], Ю.К.Бабанский [5], Г.И.Саранцев [6], В.А.Гусев [7], О.П.Лапчик [8], В.А. Далингер [9] және т.б. зерттеді.

Сондай-ақ, Қазақстандық ғалымдар А.Е.Абылқасымова [10], А.К.Кагазбаева[11], Е.Ы.Бидайбеков [12], Т.О.Балыкбаев [13], С.К.Кеңесбаев [14], А.Н.Нұғысова [15], А.Қ.Рахымбек [16], О.С.Сатыбалдиев [17], Б.Д.Сыдықов [18], С.Е.Чакликова [19] және т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстарында әр қырынан зерттелген.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздері Е.Ы.Бидайбеков [20], Б.Р.Қасқатаева [21], Қ.Жарықбаев [22], Б.Т.Кенжебеков [23], Р.О.Нурканова [24], К.Г.Кожабаяв [25], Н.Д.Хмель [26] және т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылды.

Елімізде математиканы оқытуда оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Б.Р.Қасқатаева

[21] (болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік құзырлығын қалыптастыру), Б.К.Кенжебеков [23] (жоғары оқу жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), С.И.Ферхо [27] (мұғалімнің оқу процесінде электрондық оқулықтарды қолдана білу құзырлығы), К.Г.Кожабаяев [25] (болашақ мұғалімді дайындауда мектеп курсы математикасының тәрбиелік-дамытушылық мүмкіндіктерін пайдалану) және т.б. мұғалімнің кәсіби сапалы қасиеттерін зерттеген.

Т.С.Садықов, А.Е.Әбілқасымова «Қазіргі дидактика» [28] еңбегінде оқушының оқу процесіндегі іс-әрекеті оқу-танымдық сипатта болады деп есептей отырып, ал оқытудың тиімділігін, жалпы алғанда, мұғалімнің оқу процесін оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттерінің негізгі заңдылықтарына сәйкес ұйымдастыру шеберлігімен байланыстырған.

Оқушылардың оқу іс-әрекетінің дамуын ұйымдастырудың маңызды шарты белгілі психологтар Д.Н.Богоявленскийдің [29], Л.С.Выготскийдің [30], Н.И.Чуприкованың [31], С.Л.Рубинштейннің [32], Д.Б.Эльконинның [33] және т.б. еңбектерінде көрсетіліп, онда оқушылардың ақыл-ой дамуының психологиялық заңдылықтарын білу қажетті деп табылады.

Қазақстандық ғалымдар өз еңбектерінде Б.Б.Баймуханов [34] мектеп практикасына оқытудың жаңа тиімді әдістері мен құралдарын енгізу, Л.Т.Искакова [35] орта мектепте математиканы оқыту нәтижелерін бақылау және есепке алу, К.Г.Кожабаяев [25] математика сабағында тәрбиелер келе дамыта оқытудың теориялық моделін жасау, С.М.Сеитова [36, 37] есептерді шешу арқылы оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру, Е.Ж.Смагулов [38] орта мектеп оқушыларының математикалық ойлауын дамыту әдістемесі, А.Е.Абылқасымова [39] оқушылардың білімін бағалау және бақылаудағы есептің ролі мәселелерімен айналысқан.

Педагогикалық тест тапсырмаларының сапа көрсеткіштері білім беру саласындағы жетекші тестологтар: В.С.Аванесов [40], А.Н.Майоров [41], Ю.М.Нейман [42], А.И.Самыловский [43], М.Б.Челышкова [44] жұмыстарында қаралды.

Е.В.Солонин [45] тестілеу оқушылардың математика бойынша білім сапасының жүйесін қалыптастыру процесін басқару құралы ретінде, Т.Ю.Новичкова [46] жалпы білім беретін оқушылардың математиканы оқытуда тестілерді пайдалану теориясы мен әдістемесін зерттеген.

Г.Т.Абдолдинованың диссертациялық жұмысы [47] тестік тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың математикадан білім сапасын бағалаудың әдістемелік ерекшеліктеріне арналған.

Е.Ж.Смагулов [48] тест тапсырмаларын құрастыру негізін қарастырған.

Алайда, оқыту процесінде тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың маңызды компоненттері әлі күнге дейін оқшауланған түрде зерттелген, бірақ маңызыды дидактикалық санаттарда көрініс таппаған, оқушылардың ойлауын қалыптастыру жүйесі мен әдістемесі трансформацияланбаған. Оқушылардың ойлауын қалыптастыру мен

дамытудағы міндеттердің рөлі туралы, оқытудың әртүрлі кезеңдерінде тест тапсырмаларын қолдану арқылы ойлаудың тереңдігі, кеңдігі, ұтымдылығы, бірегейлігі және т.б. сияқты қасиеттерінің қалыптасуына тиімді ықпал ету мүмкіндігі туралы мәселе жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр.

Олай болса, математиканы оқыту кезінде тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерінің зерттелмеуі, математиканы дамытып оқытудың бірыңғай теориясын құруды тежейді, бұл біздің еліміздің мектептерінің практикалық жұмыстарына да, оқушылардың білімі, білігі мен дағдыларының сапасына да айтарлықтай әсер етеді.

Еліміз өркениетті мемлекеттердің қатарында болу үшін біз білімді ұрпақ дайындауымыз қажет. Осыған орай, қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді түрде қолдану болып отыр. Осындай жаңа технологиялардың бірі оқыту мен білімді бағалауда қолданылатын тестік тапсырмалар болып табылады. Өйткені тестік жүйе оқушылардың білімін шынайы бағалауға, олардың дайындық деңгейлерінің талаптарға сәйкестігін тексеруге және қиындық тудырған тақырыптарын анықтауға мүмкіндік береді [49].

Математиканы оқыту кезіндегі тест тапсырмалары арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру процесі орта мектептің және колледждің әрбір түлегі қазіргі заманғы өндірістік және әлеуметтік процестерге оңтайлы бейімделуі үшін неғұрлым мақсатты, әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан негізделген болуын қажет етеді.

Осыған орай, заманауи қоғамға сай шығармашылықпен ойлайтын білімді, білікті, саналы ұрпақты даярлау қажеттілігі мен математиканы оқытуда тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерінің жете зерттелмеушілігі арасында **қарама-қайшылық** туындап отыр. Анықталған қарама-қайшылық математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың әдістемесін негіздеу біздің зерттеуіміздің **проблемасын** туындатты.

Біздің еліміздегі мектептердің жаңартылған білім мазмұнына сай жаңа даму сатысына көшу жағдайында математиканы оқыту процесін оқушылардың іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыру әдістемесінің теориялық және педагогикалық маңыздылығы зерттеу тақырыбын **«Математиканы оқытуда тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі»** деп алуға себеп болды және бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің мақсаты – математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу-іс әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындап әдістемесін жасау.

Зерттеу нысаны – орта мектепте математиканы оқыту процесі.

Зерттеу пәні – оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда тестік тапсырмаларды қолдану әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер математиканы оқытуда оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың ерекшеліктері теориялық тұрғыда негізделсе және жүйелі ғылыми әдістемесі әзірленсе, **онда** оқушылардың білім сапасы артады.

Зерттеудің мақсатына сәйкес зерттеу болжамы негізінде келесі **міндеттер** анықталды:

1. Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу;
2. Математиканы оқытуда тестік тапсырмаларды құрудың ерекшеліктерін анықтау;
3. Математиканы оқытуда оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың әдістемесін жасау.

Зерттеу әдістері:

- зерттеудің теориялық, әдіснамалық негізін айқындау мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістемелік әдебиеттерді талдау;
- оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыру туралы білімдерді меңгеру нәтижелерін талдау;
- оқушылар және мұғалімдермен жүргізілген сауалнама мен әңгіме, бақылау тест тапсырмаларын жүргізу, нәтижелерін талдау;
- эксперимент ұйымдастыру, жүргізу және нәтижелерін өңдеу.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін білім, жеке тұлға және оның іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімді әдістері, психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдамалар, математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі, оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі зерттеулер және білім сапасын арттыру үшін оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың педагогикалық, психологиялық, әдістемелік негізі құрайды.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламасы, Елбасының Қазақстан Республикасының Халыққа жолдауы, білім беру саласына қатысты құжаттар, әдіскер ғалымдар мен педагогтардың іргелі еңбектері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- оқу іс-әрекеті түсінігінің мәні және оның компоненттері, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделді;
- математиканы оқытуда тестік тапсырмаларды құрудың ерекшеліктері анықталды;
- математиканы оқытуда оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың әдістемесі жасалды және оны тиімді қолданудың жолдары ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу жұмысында ұсынылып отырған математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-

әрекетін ұйымдастыру әдістемесі білімді сапалы игеруге көмектеседі. Оқушылардың танымдық белсенділігін күшейту, оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында жинақталған тест нұсқаларын орта мектептің математика мұғалімдері және оқушылары пайдалана алады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі және негізділігі: зерттеудің ғылыми аппаратының зерттеу мақсат-міндеттеріне, нысандарға, пәніне сәйкестігімен, зерттеу тақырыбы бойынша математикалық, психологиялық-педагогикалық, оқу әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдарына жасалған жан-жақты талдау және зерттеу барысын негізге алу; эксперименттік нәтижелерге сәйкес әдістердің логикалық қолданылуы, іс-тәжірибе нәтижелерінің математикалық статистикалық тәсілдермен өңделуі арқылы қамтамасыз етіледі.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тұжырымдалуы зерттеудің теориялық негізі болады;
2. Математиканы оқытуда тестік тапсырмаларды құрудың ерекшеліктерінің анықталуы, оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыруды жетілдіру ғылыми-әдістемелік негіз бола алады;
3. Математиканы оқытуда оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыру әдістемесінің жасалуы білім сапасын көтеруге оң әсерін тигізеді.

Зерттеу базасы: зерттеу жүргізу мен зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге енгізу жұмыстары орта білім беру мекемелерінде жүргізілді: *Ақсу ауданы:* «Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; *Қаратал ауданы:* «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; *Ескелді ауданы:* «Титов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; *Талдықорған қаласы:* «№ 4 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «№16 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде – (2017-2018 ж.ж.) қойылған проблемаға байланысты психологиялық-педагогикалық, математикалық әдебиеттерге талдау жасалып, жинақталған материалдар бір жүйеге келтірілді; зерттеудің ғылыми аппараты анықталды; математикадан оқушылардың білімі мен біліктіліктерін тест арқылы анықтаушы эксперименті жүргізілді.

Екінші кезеңінде – (2018-2019 ж.ж.) қоғамның алға қойған талаптарын ескере отырып, математиканы оқытуда тестерді құрудың ерекшеліктері және оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік мәселелеріне негізделіп тестік тапсырмалар дайындалып, іздеу эксперименті жүргізілді; эксперимент негізінде математиканы оқытуда тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі жасалып, оған түзетулер енгізілді; «Математика тестер» жинағы оқу-әдістемелік құралына материалдар жинақталды.

Үшінші кезеңінде – (2019-2020 ж.ж.) зерттеу жұмысының теориялық мәселері нақтыланып оқыту эксперименті жүргізілді; эксперимент барысында тест тапсырмалары сынақтан өткізілді; алынған нәтижелер талданды; зерттеу нәтижелерінің қорытындылары мен тұжырымдамалары жасалды; жұмысты рәсімдеу аяқталды; зерттеу тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік құрал баспадан шығып, ол эксперименттік мектептердің оқу процесіне енгізілді.

Жұмыстың мақұлдануы және тәжірибеге енгізілуі. Зерттеу жұмысының қағидалары мен нәтижелері «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ «Жаратылыстану» факультеті «Математика және информатика» кафедрасының кеңейтілген мәжіліс отырысында талқыланып, зерттеу нәтижелері *Ақсу ауданы*: «Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; *Қаратал ауданы*: «А.С.Пушкин атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; *Ескелді ауданы*: «Титов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; *Талдықорған қаласы*: «№4 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «№16 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу процестеріне енгізілді.

Жарияланымдар. Диссертацияның негізгі мазмұны отандық, шетелдік ғылыми кеңесшілермен бірге ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті журналдарында және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып, факультеттің, кафедраның ғылыми семинарларында талқыланды. Диссертацияның негізгі мазмұны бойынша 11 ғылыми-еңбек жарық көрді. Оның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына (процентил – 58 және квантиль – Q1) енетін басылымда, 5-еуі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 4-еуі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды. Сонымен қатар, 2020 жылы «Математика тестер жинағы» атты оқу-әдістемелік құрал баспадан шықты.

Диссертация құрылымы мен мазмұны: диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, қысқартулар, кіріспе, екі бөлімен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген, зерттеудің мақсаты, нысаны мен пәні, зерттеу болжамы және міндеттері анықталып, әдіснамалық, теориялық негіздері, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы, теориялық, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылған қағидалар және зерттеу жұмысы нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі қарастырылған.

«Оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде: 1) оқу іс-әрекеті және оның негізгі компоненттеріне талдау жасалды, 2) оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері тұжырымдалды, 3) тест тапсырмаларының түрлері және тиімділігі айқындалды, 4) оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ақпараттық технологиялардың алатын орны анықталды.

«Математиканы оқыту процесін тест арқылы ұйымдастыру әдістемесі» атты екінші бөлімде: 1) математиканы оқытуда қолданылатын тест нұсқаларының ерекшеліктері тұжырымдалды, 2) оқушылардың оқу іс-әрекетін математиканы оқытуда тест арқылы ұйымдастыру әдістемесі жасалды, 3) педагогикалық эксперимент нәтижелері мен тұжырымдары өңделді.

Қорытындыда жүргізілген зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері, яғни математиканы оқыту процесінде қолданылатын тест нұсқалары және оны қолдануға әдістемелік ұсыныстар баяндалды.

Қосымшада зерттеу барысында пайдаланған материалдар және ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерінің ендіру актілері көрсетілген.

1 ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ТЕСТ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Оқу іс-әрекеті және оның негізгі компоненттері

«Оқу іс-әрекеті» ұғымын қолданысқа енгізу білім сапасына сипаттама беруге байланысты тұтас оқу әрекетін қарастыру қажеттігінен туындаған. Оқу материалын игерумен орындалатын іс-әрекет, оқу міндетін атқаруда өзін-өзі бақылау жолдарын қамтиды.

Классикалық психология мен педагогикада оқу іс-әрекеті оқушылардың жетекші іс-әрекеті, әрі олардың әлеуметтік белсенділіктерінің айрықша формасы ретінде қарастырылады.

Тұлғаны тәрбиелеу, білімді игерту қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушыларды Ы.Алтынсарин [50], А.Құнанбаев [51], Ш.Құдайбердиев [52], А.Байтұрсынов [53], М.Дулатов [54], М.Жұмабаев [55] еңбектерінде де кеңінен қарастырылған.

А.Ш.Танирбергенова [56] «Бастауыш сынып математикасын оқыту барысында оқушылардың рефлексивтік қатынастарын қалыптастырудың әдістемесі» атты кандидаттық диссертациясында «Ш.Уәлиханов жеке тұлғаның бойында өзін-өзі тану, білімділік, ағартушылық қасиеттерді дамыту қажет деп атай отырып, ақыл-ой мен өзіндік санасын маңызды орынға қойған», - деп көрсеткен.

Ұлы ағартушы-ұстазымыз Ы.Алтынсарин «... жеке тұлғаның бойында еңбексүйгіштікті, шынайылықты, қарапайымдылықты, қайырымдылықты, саналылықты тәрбиелеу және өз білігін бағалауды ерте балалық кезден бастау қажет», - деп санаған. Оның пікірінше: «үлгілі жолға қойылған, жаңа типті мектеп – оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, өз ортасын тануға, өз іс-әрекетін бақылау арқылы ой еңбегіне үйретуі тиіс» делінген [50].

Ұлы ақын, жазушымыз Абай Құнанбаев адам баласының барлығына «Адам бол!» дей отырып, адамның бойындағы маңызды қабілеттілік - қоршаған ортамен өзін-өзі өзгертуге деген икемділігі деп атап өткен. Адамдық бастаудың негізі – руханилық. Адам тілдер мен мінез-құлық нормаларын меңгергенде ғана, құлықтық-руханилық қағидаларын, қайырымдылық, шынайылық, әділеттік, өзін-өзі тану, өзінің мүмкіндігін бағалауды қалыптастыруға болатындығын айтқан [51].

Қазақтың ғұлама ақыны Ш.Құдайбердиев өзінің шығармаларында «Адамның мәнділігі – табиғаты мен білімінде, оның ішінде өзін-өзі тану мен өз мүмкіндігін білуінде», - деп атап көрсеткен. Ақыл-парасатты дамытудың басты жолы деп, оқытуда оқушылардың ойлау белсенділіктерін таныған. Берілген білімге және олардың тәлімдік, тәрбиелік жолының ерекше маңыздылығын атап өткен.

Білім берудің әдіс-тәсілдерін, білім алудың өнегелі жолдарын уақыт тұрғысынан дұрыс көрсеткен. Яғни, берілетін білім де, тәрбиелік тәлім де

оқушының шамасына үйлеспесе және нәтиже шықпайтынын дөп баса айтқан. Ол «Оқыту мен үйрету зорлау, күштеу емес, оқушының дербес ерекшелігі мен бейімділігіне қарай жүргізілсе, дұрыс болады», - деп көрсетті [52].


Қазақ елінің ғылымның дамуына үлес қосқан ақыны, аудармашы, қоғам қайраткері А.Байтұрсынов «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалім балаға жұмысты әліне қарай шағымдап беру мен белгіленген мақсатқа қарай түзетіп отыру керек», - дей отырып, оқушының оқу іс-әрекеті барысын өз бетінше тексеріп, бақылай және бағалай білу білігінің маңыздылығын, оның қалыптасуына дұрыс бағыт-бағдар беріп отыру қажеттігін атап өткен [53].

Қазақ елінің қоғам қайраткері, ақын, жазушысы М.Дулатов жастарды өмірге дайындауда жан-жақты, тиянақты, негізді білім беруге үлкен мән берді. Ол жастар алған білімдеріне сүйене отырып, табиғат құбылыстарын, қоғамдық өмірі және өзі жайлы әрі анық, дұрыс, нақты ұғымдарды қалыптастырып, келеңсіздікпен күресіп, өмірдегі өз орнын және өзінің практикалық іс-әрекетінің бағытын дұрыс анықтай алады деп тұжырымдаған [54].

Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы, ақыны М.Жұмабаев баланы тәрбиелеуде мінез-құлқының әдісіне талап қоя алуды, тәрбие-білімдерін қадағалап нәтижелерін, бақылауды анықтаған. Балада дұрыс мінез-құлық, берік һәм тәрбиеші пайда болу үшін мынандай нақты екі шарт орындау қажеттігін атаған: баланың өз қолынан жасайтын істе балаға толық ерік беру және оны құбылмайтын тәртіпке тастай бағындыру [55].

Қазақ елінің ағартушы, ойшылдарының көзқарастарын қорыта келе, олар қоғамда шығармашыл, жан-жақты, өз әрекетін дұрыс бағалауға қабілетті, өз мүмкіншілігін іске асыра алатын білімді тұлға тәрбиелеу қажеттігіне аса мән бергенін байқауға болады.

С.Л.Рубинштейн [57] оқу іс-әрекеті психологиясы мәселелері жеке тұлғаның іс-әрекет тәсілдерін меңгерту, бекіту, процесін қамтиды деп тұжырымдайды. «Оқу іс-әрекеті – білім берудің нәтижесі мен мақсатын үйренудің, іскерліктің, білімділіктің дағдыларын игеру болатын іс-әрекет», - деп атаған. Білім алуды іс-әрекет ретінде талдап, теориялық маңыздылығы 1 суретте белгілеген екі бағыты көрсетілген.




1 сурет. Оқуды іс-әрекет ретінде талдаудың екі бағыты

Оқу іс-әрекетін өте күрделі құбылыс деп атаймыз. Онда оқу міндеттерін шешу әртүрлі мотивациялық, танымдық және мақсатты сезімдік

көріністермен сипатталады. Оқу іс-әрекетінің пәні ретінде біз оқушының әлеуметтік тәжірибені игеру бағытындағы жеке тәжірибесін түсінеміз. Осыдан, оқу іс-әрекеті – оқушылардың тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді деп тұжырым жасауға болады. Осы тұжырым оқу іс-әрекетінің мәнін нақтылайды [58].

Адам өзінің өмір сүру кезеңдерінде көптеген іс-әрекеттерді жүзеге асырады, яғни кітап оқиды, ғылыми мәселелерді шешеді (танымдық әрекет), спортпен, қолөнерімен, киім тігумен шұғылданады (әуесқойлық әрекет), ақыл-ой және дене еңбегімен айналысады (еңбек әрекеті), өндірістерде міндеттерді атқарады (кәсіби әрекет) және т.б. (2 сурет).



2 сурет. Адам іс-әрекетінің түрлері

Математиканы оқыту кезінде оқушылардың бойында оқу іс-әрекетінің компонентін қалыптастыруды, анықтау мен зерттеуді терең және негізді түрде математик - әдіскерлер Я.И.Груденов, Е.П.Ильин, И.В.Дробышева, В.А.Гусев, Ю.М.Колягин, В.И.Крупич, Г.Л.Луканкин, В.И.Мишин, А.Г.Мордкович, Д.Пойа, Г.И.Саранцев, И.М.Смирнов, А.А.Столяр, Н.А.Терешин, Р.С.Черкасов, С.И.Шварцбурд және басқалар қарастырды.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерде оқу іс-әрекетінің негізін мотивациялық, мазмұндық және амал-әрекеттік компоненттер құрайтындығы баяндалған.

Мотивациялық компонент – жаңаны зерттеу, жаңа тәсілдерді игеру, жаңа білім алу жолдарын іздеу. Оқу танымдық мотивтің пайда болуы мотивациялық саланы ғана қоймайды, сонымен қатар өзіне және басқаларға «оқу міндетін шешуде мен шешім қабылдай аламын» деп дәлелдеуге күш береді, жаңа білімді іздеуде табандылықты танытады.

Мотивация өрісінің мазмұндығы адамның ақылы мен ойына, зияткерлеріне негізделіп айқындалды. Енді, әрекет мотивтері сапалы түрде белгілі болса, мұнда осы әрекеттің барысы мақсатына ауыстырылып, оқушылар өздерінің істеріне субъективтікке ие болады. Оқушылар осы үшін

әлі нақты танылмаған жанама мотивтер белгілі бір қызметте роль атқарғанымен байланысты, олардың арасында көп қиындықтар туындайды.

В.В.Давыдов оқу іс-әрекетінің жетекші мотивтері – бұл оқу-танымдық (оқушының іс-әрекетінің белсенділіктерін қамтамасыз етуге баулу), осымен білімқұмарлыққа, танымды қызығушылықтарға, өзінше жұмыс жасауға деген ұмтылыс болып табылатындығын көрсетті [59].

Көптеген педагог ғалымдар өздерінің ғылыми-еңбектерінде оқу іс-әрекетінің ерекшеліктері мен құрылымын зерттей келе, іс-әрекет компоненттерінің ішіндегі мотивтердің шешуші роль атқаратынын нақтылайды.

Осыған орай, шығармашылық бағытындағы жұмыстар негізінде оқу іс-әрекеті оқушылардың бойындағы жақсы мотивтерді тәрбиелеумен тығыз бірлікте болатынын қарастырған.

Атақты психолог-ғалымдар ғылыми-еңбектерінде мақсатқа қарағанда мотивтер субъектінің өзіне нақты таныла бермейтінін айтқан.

Мысалы, адам өз жұмысында қандайда-да бір мақсатқа ұмтылатынын нақты білсе де, оның себептері туралы нақты айта алмайды. Яғни мотив мақсатқа жету жолын көрсетеді. Оқу-танымдық мотив - бұл оқу іс-әрекетінің мотивация компоненттерінің негізгі бір бөлігі. Оқу-танымдық мотив төменгі сынып оқушыларын оқытудан бастап қалыптаса бастайды. Мотив дидактикада объектіге бағытталған әрекетке себеп жасайтын ұмтылыс, түрткі, ниет, қызығушылық және тағыда басқалары болып табылады. Ал мотивация бұлардың бірігіп іс-әрекетке бағыт беруі.

«Мотивация бұл – оқу іс-әрекетінің танымдық, эмоциялық қырларымен қатар жүреді және олардың қалыпты дамуына ықпал етіп, оқушылардың ұғым түсініктерін кеңейтуге негіз бола отырып, бірте-бірте оның ішкі қасиетіне ауысады. Себебі қандай іс-әрекет түрі болсын оның нәтижелі болуы, оқушының жеке қасиеттерін дамытудың маңызды факторларына айналуы оған себеп болатын түрткіге тәуелді», - деген болатын Ю.Семыкина [60].

А.В.Усова «Адамның бойында бір нәрсені білуге, оны пайдалануға, тануға деген ұйытқы пайда болса, онда сол затқа деген қызығушылығы мен қатынасы арта түседі. Олай болса, кез-келген мотив – адамдардың белгілі бір затқа бағытталған қатынасы болады. Оқушы іс-әрекетінің құбылыстарының негізінде пайда болған мотивтер осы іс-әрекетті реттеуші факторлар ретінде көрінеді. Бұны іс-әрекеттің субъективтілігінің басты белгісі деп айтуымызға болады», - деп атап көрсеткен [61].

Осыған орай, қандай да пәнді оқыту әдістемесінде оқу және әлеуметтік мотивтерді ескеріп отыру қажет болады. Сонымен, баланың білімге ұмтылысы оның жеке өзінің ерекшеліктерін білгізіп қана қоймайды, білім нәтижесінің бала үшін қаншалықты мәнді екенінің көрсеткіштері болып айтылады. Осындай қатынас баланың білімге деген құштарлық көзқарасын да, білімнің өмірлік мәнін де анықтаған болып келеді. Осы айтылған

көрсеткіштердің субъектінің ішкі дамуы жақсы болуына айналуын оқушының пәнге деген қызығушылықтарымен жақын байланыста қаралған да ғана барлық нәтижесін көруге болады. Өткені, оқу іс-әрекетіндегі баланың жеке бас ерекшеліктерін есепке алу – қандай жағдайда бала өзінің жауапкершілігін түсіне алатын, өзі-өзін тануға ынталы «іс-әрекет субъектісі» бойынша қарасақ қана толық жүзеге асырылады. Бұнымен, оқушылардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы, танымдық әрекеттеріне мәжбүрлейтін ішкі психикалық күштері мотив проблемасының екі қырын белгілейді. Бұл айырмашылықтарға қарай оқу мотивтерін көлеміне қарай үлкен екі топқа бөліп, оның біріншісі – балалар белсенділіктерін меңгеретін объектіге бағдарлайтын танымдық мотивтер, ал екіншісі – балалар белсенділіктерін басқа балалармен қарым-қатынастары негізінде қалыптастыратын әлеуметтік мотивтер пайда болады.

Л.С.Выготский «Қандай да әлеуметтік мотивтер болсын, оқу мотивтері болсын олар баланың тұлғасының өсуімен, дамуымен байланысты болуы керек. Егер оқыту мазмұнына сәйкес мотивтер ұйымдастырылса, балалар үшін оның іс-әрекеттік мәні жоғары дәрежелі кезеңдерге айналады. Балалардың позициясы мұндайда тек мектепке келіп мұғалімнің тапсырмасын бір айтқаннан тиянақты орындаумен шектелетін адам іс-әрекетінен, өзінің іс-әрекетінің түпкі міндетін, мақсатын түсінетін адам іс-әрекетіне айналады», - деген [62].

«Оқушы осы оқу-танымдық мотивтер арқылы білім алумен қатар, осы оқу пәні негіздерінде берілетін қызмет тәсілдерін де ұйымдастыра алады», - деп қорытынды шығаруға болады. Өйткені, оқытудың басты мақсаты оқушыларға белгілі бір білім жайлы ақпарат беру емес, ең бастысы оның бойындағы дарындық қасиетін дамыту, оқу тапсырмасын жіберу ғана емес, оны бақылаудағысы маңызды, ойлауға үйрету, белгілі бір білім ақпарат жиынтығын меңгертуден қарағанда, осы білімді үйрену әдісін меңгертуге қажетті дарындығын дамыту болып табылады.

Е.П.Ильин [63] өз еңбегінде мазмұндық компоненттер оқушының оқу іс-әрекетінің танымдық мотивтерін қанағаттандыруға, мақсаттарына негізделген амал-тәсілден тұратындығын атай отырып, оқу іс-әрекетінің орындалуына ықпал ететін құралдарды 3 түрде талдаған. Ол: «1. Оқу іс-әрекетінің білімділік, танымдық, белсенділік, ғылыми-зерттеушілік қызметтері негізінде қалыптасқан зияткерлік әрекеттерді жіктеу, жинақтау, талдау, жалпылау, нақтылау және т.б.; 2. Вербалдық құралдар формасында тілдік білім игеріліп, рефлексияланып, жеке тәжірибеде орындалады. 3. Негізгі білімдер, оларға инновациялық білімдермен толығу арқылы оқушылардың жеке тәжірибесінің тезаурусына айналған», - деп атап көрсеткен.

Сонымен, оқу іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері мәселелік, шығармашылық, зерттеушілік-танымдық, қайта жаңғыртушы іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін.

Яғни, оқушылардың оқу іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері – бұны қалай меңгеру қажет, қандай әдіс-тәсілдермен оқу қажет деген сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Амал-әрекеттік компонент оқу міндетін шешуге негіз болатын оқу қызметінен тұрады.

Алайда, амал-әрекет – бұл өз мақсаттары көрсетілген белгілі бір шарттарға жауап беретін әрекеттер тәсілі. Оқытудағы саналы мақсатқа бағытталған әрекет көп рет қайталана отырып, біртіндеп оқушының саналы бақылау объектісі болудан гөрі, күрделі әрекеттердің орындау тәсіліне айналады.

Психология ғылымында оқу іс-әрекетін келесі жүйеде қарастырады:

- қойылған оқу міндетінен проблеманы бөліп алуға болады;
- оқу міндетін шешудегі жалпы тәсілдерді анықтау;
- оқу материалына жалпы қатысты мәселені және оны шешудің жалпы тәсілдерін жобалау;
- оқу іс-әрекетінің барысын және нәтижесін бақылау;
- оқушының оқу міндетін шешу барысын және нәтижесін бағалау [64].

И.В.Дробышева [65] «Оқу іс-әрекетінің басқа іс-әрекет түрлерінен аса бір ерекшелігі оқушы мұғалімнің басшылығымен ғылыми ұғымдарды меңгеретіндігін атап өткен. Бұл іс-әрекеті арқылы оқушының ұғымдарды меңгеруі, оның ойы, түсінігі қалыптасып, санасы дамиды, бірақ ғылымға түбегейлі өзгерістер енгізбейді деп атаған. Оқушылар терминдермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін меңгереді. Оқушылардың оқу іс-әрекеті – меңгеру, даму іс-әрекеті, ал олардың нәтижелері осы іс-әрекетті қалыптастыруда әрекет субъектісіндегі өзгерістер арқылы көріністерін табатындығын атап және осы оқушылардың оқу іс-әрекетінің басты белгісі болады», - деген.

С.Е.Қаңтарбай [66] педагог-психолог ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасап, оқу **іс-әрекетінің төмендегі ерекшеліктерін** көрсеткен:

- оқу тапсырмалары оқу іс-әрекетінің мазмұны ретінде құрылады;
- оқу іс-әрекеті осыған дейін танылған білімділікті, біліктілікті меңгеруге бағытталған;
- білім беру, үйрету - оқу іс-әрекетінің басты мақсаты болып табылады;
- оқу іс-әрекетінде нәтижеге жету барысы ескеріліп, нақты нәтижелермен қарастырылады;
- дербестілік оқу іс-әрекетінде толық дәрежеде болмайды;
- оқу іс-әрекетінде бақылаудың жалпы тұтас процестерімен қамтиды;
- оқу іс-әрекеті – мөлшерлі, шамалы іс-әрекеттер.

А.Ш.Танирбергенова [56] өзінің ғылыми еңбегінде оқу іс-әрекетінің мазмұнын заңдылықтар мен ережелерді түсіну, практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ойлаудың жалпы амал-тәсілдерін меңгер құрайтындығын көрсеткен.

Психологиялық-педагогикалық сөздікте [67] оқу міндеттерінің орындалуы оқу іс-әрекетінде төмендегідей жүзеге асатындығы көрсетілген:

1. Оқу міндеттерін қабылдау немесе қойылымын анықтау.

2. Зерттелетін материалға қатысты кейбір ортақ мәселелерді анықтау үшін оқу тапсырмасының шарттарын қарастыру.

3. Белгіленген қатынастар моделін тақырып, сурет немесе басқа белгілер түрінде құру.

4. Ортақ тәсілмен орындауға болатын жеке тапсырмалар жүйесін құру.

5. Алдыңғы әрекеттердің орындалуын бақылау.

6. Оқу міндетін орындау нәтижесінде жалпы әдістерді игеруді бақылау.

Осыған байланысты оқушылардың білім мен дағдыларды игеруі оқу іс-әрекетінің негізгі мақсаты мен нәтижесі болып отырғандығын көреміз. Оқу іс-әрекетінің негізгі құрылымы:

- оқыту тапсырмалары;
- оқытудың тәсілдері;
- бақылау;
- бағалау.

Сонымен, оқу іс-әрекетінің негізгі сипаттамасына мыналар кіреді:

1) білім беру іс-әрекеті арнайы оқу материалын меңшеруге және оқу мәселелерін шешуге бағытталған;

2) оқыту іс-әрекетінде жалпы әдістер мен ғылыми ұғымдар игеріледі;

3) оқытудың міндетін шешу нәтижеге бағытталады.

Оқу іс-әрекетінің маңызды сипаттары:

- оқу әрекеті-бұл адамның арнайы ұйымдастырылған әрекеті;
- оқу қызметі белсенді оқу-танымдық іс-әрекет.

А.Ш.Танирбергенова оқу әрекеті құрылымының негізгі бөліктерінің бірі - оқу міндеті екендігін атай отырып, оқу міндетінің орындалуы оқу міндетін қабылдау арқылы жүзеге асырылады деген. Тапсырманы дұрыс түсінген кезде оқушының іс-әрекетінде сапалы қызығушылық, шығармашылық ізденіс көрінеді. Оқушы өз қызметін өз жұмысының түпкі мақсатына жету жолдарын анықтауға бағыттайды.

Оқу іс-әрекеті барысында жеке тұлға қажетті қасиеттерді дербес қалыптастырмайды, бұл белгілі бір педагогикалық жағдайлардың болуын талап етеді, мысалы:

- оқу қызметінің мақсатты бағыты;
- оқу іс-әрекетінің құрылымын жеке және жалпы игеруге ынталандыру;
- дербестік үшін кеңістік ұсыну;
- пәнаралық және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;
- ізгілендіру, демократияландыру, сараланған және дараланған оқытудың жетекші талаптарына үнемі назарда ұстау [56].

«Оқу», «оқу іс-әрекеті» ұғымдарының дамуын талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- «оқу іс-әрекеті» ұғымын енгізу оқу іс-әрекетін білім беру сапасының сипаттамасымен байланысты тұтас құрылым ретінде қарастыру қажеттілігімен байланысты. Оның негізгі компоненттері: мотивациялық, мазмұнды және амал-әрекеттік;

- оқушылардың жетекші қызметі оқу қызметі болып табылады және олардың әлеуметтік белсенділігінің ерекше нысаны ретінде қарастырылады;
- мектептегі оқу жұмысының нәтижесі мұғалімнің пәндерді, әсіресе математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруна қатысты.

Оқушылардың оқу іс-әрекеті жоспарланған жоспар бойынша жүйелі түрде мұғалімнің басқаруымен жүзеге асады. Оқу іс-әрекеті – оқушылардың өмірге деген адамгершілік көқарасын біртіндеп дамыта отырап, танымдық қабілеттерін мақсатты түрде қалыптастырады.

Сол себепті, педагогикалық және психологиялық тұрғыдан, оқыту мен білім, тәрбие беру үрдісінде дара тұлғаның дамуы оның жеке қасиеттеріне, оқу-тәрбие заңдылықтарына, тұлғаның танымдық даму ерекшеліктеріне сәйкес оқушының оқу іс-әрекетінің бағытын қалыптастыруға және дамытуға тікелей байланысты болады.

1.2 Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері

Қазіргі уақытта көптеген әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да әлеуметтік міндеттерді шешу, егер қоғам мәдени дамудың жеткілікті жоғары деңгейіне ие болса, ал жас ұрпақ жоғары рухани және адамгершілік қасиеттерге ие болса ғана мүмкін болады.

Осыған орай, кәсіби дайындық енді уақыт талаптарына жауап бермейді, түлектің жеке және кәсіби маңыздылығы кәсіптік білім берудің маңызды критерийіне айналуға. Жоғары білім тек кәсіби болып қана қоймай, ол адамның жалпы мәдениетінің элементіне айналады. Университет түлегінің тұтас бейнесін көптеген ғалымдар әлемдік және ұлттық мәдениеттің құндылықтарына бағдарланған, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени ортада өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруға және бейімделуге қабілетті еркін, рухани тұлға ретінде ұсынады. Осыған байланысты білім берудің оңтайлы жүйесі дамып келе жатқан мәдениеттің жаңа түріне мүмкіндігінше сәйкес келуі керек.

Білім мазмұны-белгілі бір дәуір мәдениетінің көрінісі. Сонымен бірге, қазіргі білім беру жүйесі негізінен өткеннің мәдени доминанттарына – әлемге ұтымды көзқарасқа, жоғары интеллектке, утилитарлыққа негізделген. Білім беру мазмұнының біржақтылығы оның технократтық шамадан тыс жүктелуінде, шығарылған, жеке емес түрде таратуда, мағынасы болмаған кезде мазмұнды біліммен қанықтыруда айқын көрінеді.

Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.В.Брушлинский тұлғаның психикалық дамуы туралы, А.Н.Леонтьевтің іс-әрекеттің дамуы жайлы тұжырымдамасы, С.М.Жақыповтың белсенді оқыту әдістері мен танымдық іс-әрекеті жайлы еңбектері оқушылардың оқу іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашуға арналған.

Қазіргі педагогиканың өзекті міндеттерінің бірі-оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға сәйкес және өзекті болатын білім беру модельдерін іздеу. Сонымен қатар, оқытудың мазмұны, әдістері және ұйымдастырылуы сияқты санаттарға қатысты тұтас оқу процесінің теориялық негіздерін дамыту қажеттілігі алға қойылады. Бұл мәселелерді шешу білім берудің іргелі көздеріне жүгінуді, оны оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың бір бөлігі ретінде қарастыруды талап етеді [68].

Білім беру мен оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың табиғи сипатын, олардың изоморфтық сәйкестігін теориялық тұрғыдан түсіну оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды мектептегі білім мазмұнын модернизациялаудың тұжырымдамалық негізі ретінде қолданудың болашағы мен өнімділігі туралы гипотезаны алға тартуға мүмкіндік береді [69].

Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру контексіндегі білім беру зерттеулерінің аналитикалық шолуы білім берудің негізінде келесі тұжырымдамалар жатқанын көрсетті: іс-әрекеттік, құндылық, құрылымдық.

Білім беру жағдайының проблемаларын талдау және шешу үшін қолданылатын бірқатар жүйелік модельдер белгілі, олар «пәнаралық байланыс»; «тестілеу»; «функционалды ұйымдастырушылық және білім беру» моделі және т.б.

Білім беру жүйесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру адамның әлеуметтік функциясын түсінудегі гуманистік көзқарасты жүзеге асыру ретінде қарастырылады, ол білім мазмұнын контекстке оның әртүрлі көріністерінде, ең алдымен оқуда қосуды қамтиды. Білім беру мазмұнының компоненттері оқушылардың оқу іс-әрекетін жалпы, базалық және кәсіби ұйымдастыру болып табылады [70].

Білім беру мазмұнына бағытталудың интегралды нәтижесі-гуманистік бағдарланған мамандықты таңдауға дайын адамның қалыптасуы.

Білім беру мазмұны оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру негізінде дамитын және жұмыс істейтін белгілі бір тұтастық ретінде қарастырылатын ұстанымды дамытады. Педагогикалық шындықты зерттеуде қолданылатын оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тұжырымдамасы оны білім беру мазмұнының көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар оны зерттеу және жобалау әдісі ретінде де қарастырады.

Осылайша, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты негізгі қорытындылар келесідей:

- 1) оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру білім беруді дамытудың маңызды шарты және идеяны іске асыру құралы болып табылады;
- 2) білім берудің мақсаты-жоғары мәдениетті ақылды адамды тәрбиелеу;
- 3) білім беру арқылы адамға білім беру, оның кәсіби және жеке қасиеттерін дамытудың шешуші факторы ретінде танылуы.

Білім беру мазмұнының тұтастығының педагогикалық негіздері туралы тұжырым білім беру жүйесінің моделінде көрсетілген білім беру жүйелерінің

изоморфтық сәйкестілігіне негізделген. Білім беру мазмұнының тұтастығы келесі аспектілердің бірлігінде қарастырылады [71]:

- білім беру мазмұнының мәні;
- білім беру мазмұнын жобалауға кәсіби және жеке көзқарас;
- білім беру мазмұнының тұтастық категориясының дидактикалық құрамы;
- қарастырудың жүйелік-құрылымдық әдісі.

Білім беру мазмұнын модернизациялаудың тұжырымдамалық негіздерін синтездейтін және анықтайтын тұтастықтың педагогикалық принципі келесі ережелерде жүйелі түрде ұсынылған:

1) тұтас әдіснамалық тәсіл мазмұнды ғылыми зерттеудің жалпы стратегиясын айқындайтын әдіснамалық тұтастық өлшемі болып табылады. Тәсілдің тұтастығы ғылымның эмпирикалық және теориялық негіздерінің бірлігі негізінде құрылады;

2) оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың тұтас көрінісі артефактілердің, рухани, әлеуметтік және технологиялық компоненттердің мәндері мен мағыналарының бірлігі ретінде көрінеді;

3) даму прогресінің тұтас көрінісі өркениет дамуының біртұтастығын қамтамасыз етеді;

4) маманның толымды тұлғасы бәсекеге қабілетті тұлғаның кәсіби-тұлғалық моделінде көрініс табады, ол оның технологиялық, әлеуметтік және рухани салалардағы интеллектуалдық, адамгершілік-эстетикалық элементтермен, уәждемелік-құндылық қатынастарымен ғана емес, сонымен бірге туындайтын мәдени мағыналармен де, сондай-ақ тұлғаның барлық салаларының: сана, ерік, сезім теңгерімді дамуын болжайды.

5) тұтас педагогикалық жүйе оның ішкі жүйелерінің: мақсаттар, принциптер, мазмұн, әдістер және т.б. бірлігін құрайды.

6) мазмұнның тұтастығы білім мазмұнының элементтерін және оны жүзеге асыру құралдарын ұсынудың ішкі үздіксіздігін көрсетеді, ал тұтас тұлға тұтас педагогикалық процесте ғана дами алады;

7) тұтастық педагогикалық процестің сапасы ретінде оның дамуының жоғары деңгейін сипаттайды [72].

Осылайша, білім мазмұны: мәдениет адамының белгілі бір түрін ғана емес, оған қол жеткізу жолдарын да айқындайтын даму мен өркениеттің, мәдениеттің тарихи заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастырылуға тиіс; құндылықтар мен мағыналар жаңартылған білім беру мазмұнының жаңарған өзегін құрайтындай етіп тәрбиелеу мен оқыту мазмұнының рухани, әлеуметтік және технологиялық компоненттерінің біртұтас бірлігінде ұсынылуы.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру білім беру технологияларын тиісті түзетуді қамтиды. Нормативтік деңгейде ол «тестілеу» болуы мүмкін мазмұндық компонентке қойылатын талаптарда көрінеді; оқыту мен тәрбиелеудің іс жүргізу жағына; педагогикалық қызметті

басқаруға; «білім беру ортасына» айналатын мектептің ғылыми-білім беру және білім беру кеңістігіне»; оқушылардың кәсіби және жеке даму деңгейін объективті және саралап бағалауға мүмкіндік беретін білім беру сапасын диагностикалау және мониторингтеу құралдарына; жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық зерттеу әлеуетін біріктіретін педагогикалық болмысты зерттеу әдістеріне және оны инновациялық жобалауға көрінеді [73].

Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесінде тестің барлық түрлерін қолдану мүмкін емес. Жоғарыда ұсынылған тест түрлері психология мен педагогикада қолданылады. Алайда, математиканы оқыту процесінде бағдарлау, диагностикалық тестерге қолданылады. Сонымен қатар, әдіскерлер өздерінің ұсынған тестері арқылы, тест түрлерінің жіктелімін кеңейтеді. Нәтижесінде әдістемелік әдебиеттерде тесттердің келесі бөлінуі кездеседі:

Бірінші деңгей:

- тану тестері (сұрақ балама жауапты қажет етеді: «иә» немесе «жоқ», «болып табылады» немесе «болып табылмайды» және т.б.). У.Бекингемде мұндай сынақтар балама деп аталады;

- айырмашылық тестер (оқушы дұрыс жауаптарын таңдау керек). Басқаша айтқанда, У.Бекингем бұл тесті таңдаулы деп атайды;

- корреляциялық тестер (зерттелген нысандардағы ортақтықтар мен айырмашылықтарды табуды ұсынады). У.Бекингем бойынша-жалғау. Бірінші деңгей – бұл Р.Торндайк жасаған жіктеме. Айрықша ерекшелігі тағы бір түрді көрсету;

- тест – тапсырмалар (тапсырмада мәселенің шарты тұжырымдалады, жауапта шешім нәтижесінің бірнеше нұсқасы ұсынылады, олардан субъект дұрыс таңдау керек).


Екінші деңгейі:

- ауыстыру тест пен құрылымдық сынақтарға бөлінетін ақпаратты көбейтуге арналған тестер. Біріншісінде «олқылықтар» бар тапсырмалар бар, оларды толтырып дұрыс жауап береді. Конструктивті – бұл еркін құрастырылған жауабы бар тесттер.

Үшінші деңгей:

- зерттелмеген жағдайда, жаңа жағдайларда білімді қолдануға арналған тапсырмалары бар тестер [122].

«Тестің» атқаратын үш функциясының оқушылардың оқу іс-әрекетіне байланыстылығын көрсетуді төмендегі 14 суреттегі **модель** арқылы бейнеледік.



14 сурет. Модель «тест»

Математиканы оқыту процесінде басқару мен диагностикалық тестер, жоғарыда айтылғандай, қолдану мақсатымен, демек, тұжырымдаманы қалыптастыру процесінде тапсырмалардың құрамы мен оларды қолдану орны, теоремамен жұмыс жасау үшін ерекшеленеді.

Бақылау тестері оқытудың бақылау функциясын жүзеге асыратын тестерден тұрады және тақырыпты, тұжырымдаманы, теореманы зерттегенге дейін және одан кейін қолданылады. Бірінші жағдайда, олардың көмегімен үлкен тақырыпты немесе жаңа тақырыпты зерттемес бұрын қалыптасқан әрекеттердің жағдайы анықталады. Екіншіден, тақырыпты, бөлімді, бүкіл оқу жылын, тоғыз жылдық немесе орта мектеп курсы оқу процесінде қалыптасқан әрекеттер бақылауға алынады [123].

Мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу процесі әр сабақта оқушылардың өздерінің «білім алу» бойынша белсенді қызметімен сипатталады. Мұндай жағдайда оқушы таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді. Сонда оқу мақсаттары оқушы мен мұғалімге ортақ болады [124].

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшелігі төмендегідей:

- пәннің мазмұнын жобалаудағы спиральдік принципі, яғни білім мен дағдыларды тігінен де, көлденеңінен де біртіндеп өсіру (тақырыптар мен сыныптар бойынша дағдылардың күрделенуі);

- таным заңдылықтарына негізделген және пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы (білім-түсіну-қолдану-талдау-синтездеу-бағалау);

- білім беру деңгейлері бойынша педагогикалық мақсат қою (оқыту мақсаттары ұзақ мерзімді жоспарлауда жазылған, мұғалім оларды ұстануға міндетті) және бүкіл оқу курсы бойынша, бұл пәншілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

- бір білім беру саласы ішінде де, пәнаралық байланыстарды іске асыру кезінде де пәндер арасында «өтпелі тақырыптардың» болуы;

- бөлім мазмұны және ұсынылған тақырыптардың уақыт сұраныстарына сәйкестігі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар түрінде оқу процесін технологияландыру.

Сабақтарда оқытудың белсенді түрлері (проблемалық оқыту технологиялары, ойын (іскерлік, өндірістік ойындар) қолданылады. Оқушылар өз бетінше функционалдық сауаттылықты дамытып, білімді белсенді түрде «игеріп», құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытып, мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарауы керек.

Оқушылардың деңгейлік саралануы маңызды. Білім беру жеке тұлғаға бағытталған сипатқа негізделген, ол оқушылардың таяудағы даму аймағын ескере отырып, дамыта оқыту қағидасын іске асыруға бағытталған.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай ҰБТ-ге де өзгерістер енгізілді.

ҰБТ математикадан екі пәнді қамтиды: міндетті **математикалық сауаттылық пәні**, бұл пән бойынша жауап берудің жалғыз таңдауы бар жабық түрдегі 20 сұрақ (20 балл) беріледі. Мұндағы тапсырмалар логикалық ойлау, практикалық, өмірлік жағдайларға арналған.

Математика пәні, мұнда 30 сұрақ (40 балл) беріледі, 20 сұрағында жауап берудің жалғыз және 10-да бірнеше таңдауы бар жабық тест тапсырмалары ұсынылады. Бұл математика пәні мамандықты таңдауға байланысты жүргізіледі.

11 сынып оқушылары үшін қорытынды аттестаттау жазбаша емтихан түрінде өтеді. Бұған дейін бұл жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқушылары үшін 6 тапсырма, ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқушыларға – 5 тапсырма берілетін болған.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 11-сыныпта емтихан әлі өткізілген жоқ. Ал орта мектеп мұғалімдерінің жаңартылған білім мазмұнына сай 9-сыныптарда емтихан өткізген әдіс-тәсілдерін сараптау барысында кейбір тиімді тұжырымдар туралы тоқталайық. 9-сыныпта жазбаша бітіру емтиханы төмендегідей құрылымда өткізілген: А тобына ұсынылған 10 тестік тапсырманың жалғыз жауабын таңдауы керек. В тобына қысқа және толық жауаптарды талап ететін 8-10 тестік (2-8 баллмен бағаланатын) тапсырмалар берілген. Ең жоғарғы балл саны 50 (білу және түсіну деңгейіне 50% , қолдана білуге 30%, жоғары дәрежедегі шешімдерге 20%) [125].

Бұл нұсқаулықты 9-сыныпта бітіру емтихандарына, колледждерге түсу емтихандарына дайындау үшін пайдалануға болады. Сол сияқты жаңартылған білім мазмұнына сай оқушылардың білім сапасын бағалау үшін БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бағалау) және ТЖБ (тоқсандық жиынтық бағалау) өткізіледі.

Біріншісі белгілі бір бөлімді зерттеу аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады, әрбір БЖБ үшін дескрипторлар міндетті түрде жасалады (әр критерий бойынша оқушылардың жетістік деңгейін сипаттайды және белгілі бір балл санымен бағаланады).

ТЖБ тоқсанның соңында өткізіледі, орындалу уақыты 40 минутты құрайды және ойлау дағдыларының әртүрлі деңгейлеріндегі жетістіктерді көрсететін көп деңгейлі тапсырмаларды қамтиды.

Біз өзіміздің зерттеуімізде математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда тесті қолдануға болатындығын байқадық, сондықтан математикадан білімді бағалау үшін өткізілетін БЖБ және ТЖБ тест тапсырмаларын енгізуге болады деп санап оның әдістемесін көрсетеміз.

Қазіргі қашықтықтан оқыту кезеңінде тест тапсырмаларын жиі қолданудың қажеттілігі туып отыр.

Біз зерттеуіміз бойынша математиканы оқыту процесінде тест тапсырмаларын қолданудың негізгі бағыттарын айқындадық, ол келесі 15 суретте көрсетілген.



15 сурет. Тестің қолдану бағыттары


1. Математиканы оқыту процесінде білімді меңгеруді бағалау бағытына арнап тестік тапсырмаларды құрастыруға болады, мұндағы негізгі мәселе күнделікті өтіліп жатқан тақырыптарды меңгеруін және түсінбеген жерлерін тез айқындап, оны жою бағытында жұмыс жүргізуге болатындығында.

2. БЖБ және ТЖБ ұйымдастыруға арналған тест тапсырмаларын дайындауда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру негізге алынады.

Мысалы, бесінші және алтыншы сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, дайындалған тест тапсырмалары жабық түрде болады, онда оқушылар ұсынылғандардан дұрыс жауапты таңдайды. Бұл жастағы балаларда бейнелі ойлау дамыған, сондықтан тестерді құрастыру кезінде бірқатар тапсырмаларға суреттер мен сызбалар ұсынған жөн.

3. ҰБТ-да қолдануға арналған тестік тапсырмаларды құрастыруда, ескеретініміз, оқушылардың негізгі дамуы жоғары мектеп жасына дейін болады. Осылайша, 10-11 сынып оқушыларына арналған тест тапсырмалары барлық түрдегі жабық (бір және бірнеше таңдау үшін) және ашық түрдегі тапсырмалар болғаны дұрыс [126].

Жоғарыда көрсетілген бағыттардағы математиканы оқыту процесіне оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыру жұмыстарын неден бастауға болатындығына тоқталайық. Бұл жұмысты төменде құрылған модельге сүйене жүргізген тиімді. Себебі, мұнда математиканы оқыту процесінде тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру теориялық және әдістемелік тұрғыдан қалай қалыптасу керек екендігі айқын көрініс тапқан. Зерттеу жұмысының түйінін көруге болады. Төменде 16 суреттегі **модельге** толық тоқталып, сипаттамасын береміз.



16 сурет. Оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыру моделі

1. Тест тапсырмасына қойылатын жалпы талаптар:

- 1) Тест тапсырмасы нақты тілмен тұжырымдалуы;
- 2) Тест тапсырмалары тұжырымдамасында да, жауаптарда да көмекші сөздер болмауы;
- 3) Тест тапсырмасының мазмұнында қайталанулар, балама пікір нысандары болмауы;
- 4) Тест тапсырмасының тұжырымы баяндау түрінде көрсетілуі тиіс (сұрақ алынып тасталады). Тест тапсырмаларында сұрақ – сөздерді («қандай», «неге», «қалай» және т.б.) қолданудан аулақ болу;
- 5) Мүмкіндігінше, тест тапсырмалары мәтінінде күрделі бағынысты құрылымдардың болмауы;
- 6) Тест тапсырмалары тұжырымдамасында бұйрық рай түріндегі сөздерінің болмауы («көрсетіңіз», «есептеңіз», «таңдаңыз» және т. б.);
- 7) Тапсырмалардың тұжырымы ең аз болуы (он бес сөзге дейін ұсынылады);
- 8) Мүмкіндігінше ерекше белгі, негізгі сөз тест тапсырмалары басында көрсетіледі. Тест тапсырмаларын көмекші сөзден, жалғаулықтан, демеуліктен бастауға болмауы;
- 9) Тест тапсырмаларын шешудің орташа уақыты 2-3 минуттан аспауы;
- 10) Суреттерді, формулаларды және басқа да түсіндіретін объектілерді пайдалануы;
- 11) Жауаптардың барлық нұсқалары ұзындығы бойынша сәйкес, бір жолдан аспауы;
- 12) Жауап нұсқаларында қайталанатын фразалардың болуына тыйым салынады. Тапсырмада «ұзын», «сұрақ» және «қысқа» жауаптар болуы;
- 13) Тест тапсырмаларының жауабы бір мәнді болуы тиіс. Төмендегідей жауаптарға жол берілмейді: «аталғандардың барлығы дұрыс», «барлық көрсетілген жауаптар – қате» және т. б.;
- 14) Тест тапсырмаларындағы жауаптар саны 3-тен артық, бірақ 7-ден аз болуы;
- 15) Жабық түрдегі тапсырмаларда жалған, көмекші сөздері бар, сондай-ақ анық ерекшеленетін, оқшауланған жауаптардың болмауы;
- 16) Барлық дұрыс немесе барлық дұрыс емес жауаптарды қолдануға тыйым салынуы;
- 17) Әрбір тест тапсырмаларында дұрыс деп белгіленген ең болмағанда бір жауап болуы керек [127].

2. Математиканы оқыту процесіндегі тестің қолдану бағыттары:

- А) Білімді меңгеруді бағалау бағытына арналған;
- Ә) БЖБ және ТЖБ ұйымдастыруға арналған;
- Б) ҰБТ-да қолдануға арналған.

3. Көрсетілген бағыттардың ерекшелігін ескере отырып, тесті ұйымдастыруға қойылатын талаптар:


- 1) Математикалық тест тапсырмаларының мазмұнының білім беру стандартына сәйкес болуы;
- 2) Таңдалған бағытқа байланысты (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық) математикалық тест тапсырмаларының деңгейінің ескерілуі;
- 3) Математикалық тест тапсырмасының мәтінінің түсінікті тұжырымдалуы;
- 4) Математикалық тест тапсырмасының жүйелілігі (қарапайымнан күрделіге);
- 5) Математикалық тест тапсырмаларын орындауда міндетті түрде уақыттың ескерілуі;
- 6) Математикалық тест тапсырмаларының тиімді жолмен орындалуы керек.

4. Бағытты тестерді құруға әдістемелік нұсқаулар:

Жоғарыдағы модельде көрсетілген математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін тестті қолдану бағыттарына байланысты төмендегідей нұсқаулар тұжырымдадық. Үш бағыт, яғни А) білімді меңгеруді бағалау бағыты, Ә) БЖБ және ТЖБ ұйымдастыруға арналған, Б) ҰБТ-да қолдануға арналған математикалық тест тапсырмалары деңгейлеп құрылуы керек.

Егер оқушылардың білім сапасын анықтау үшін, олардың білімі қажетті деңгейден өтпеген болса, онда қай деңгейінде көрсеткіш төмен болды, осы жағдайды ескере отырып түс енгізу қажеттілігі туындады.

Білім сапасын анықтайтын кез-келген тестік тапсырмаларды үш деңгейде құрған дұрыс деп санай отыра деңгейлерді үш түрлі түспен белгіледік (17 сурет).



17 сурет. Тестің деңгейлері

Әр деңгейдегі тапсырмаларға берілетін уақыттар [128]:

- егер тапсырма А деңгейінен болса, онда оны орындау уақыты «жеңіл» - 2 минутқа дейін болуы тиіс;
- егер тапсырма В деңгейінен болса, онда оны орындау уақыты «орташа» - 2 минутты құрауы тиіс;
- егер тапсырма С деңгейінен болса, онда оны орындау уақыты «күрделі» - 2 минуттан артық болуы тиіс.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы және қоғамдық-гуманитарлық сыныптарды оқитын оқушылардың білім деңгейінің пайыздық мөлшерін айқындау үшін төмендегідей екі нұсқаны келтірдік:

I-НҰСҚА

Егер оқушы *қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы* сыныпта болса, онда нұсқаның құрылымы былайша жасалады:

- А деңгейінің 10 тапсырмасы 50%-ын құрайды (жеңіл);
- В деңгейінің 6 тапсырмасы 30%-ын құрайды (орташа);
- С деңгейінің 4 тапсырмасы 20%-дан тұрады (күрделі).

II-НҰСҚА

Егер оқушы *жаратылыстану-математикалық бағыттағы* сыныпта болса, онда нұсқа құрылымы былайша жасалады:

- А деңгейінің 4 тапсырмасы 20%-ын құрайды (жеңіл);
- В деңгейінің 6 тапсырмасы 30%-ын құрайды (орташа);
- С деңгейінің 10 тапсырмасы 50%-дан тұрады (күрделі).

I-НҰСҚА

А-деңгей (1-2 минутта шығарылатын есептер)

1. Есептеңіз: $(27 \cdot 3^{-2} + 4 \cdot 2^0) : 7^{-1}$.

- A) 47
- B) 49
- C) 39
- D) 29
- E) $\frac{40}{7}$

2. Теңдеуді шешіңіз: $2(x + 2) + 3 = 2 + 5(x + 2)$.

- A) 0,6
- B) $\frac{2}{3}$
- C) 2
- D) $-\frac{5}{3}$
- E) -1

3. Теңдеуді шешіңіз: $\log_2 x + \log_2 7 = 3$.

- A) $\frac{3}{2}$
- B) $\frac{7}{2}$
- C) 0
- D) $\frac{8}{7}$
- E) $\frac{10}{7}$

4. Теңсіздікті шешіңіз: $6^{x^2+2x} > 6^3$.

- A) $(-\infty; -3)$
- B) $(+1; +\infty)$
- C) $(-\infty; -3) \cup (1; +\infty)$
- D) $(-1; 3)$
- E) $(1; 3)$

5. Ықшамдаңыз: $\operatorname{ctgx} - \frac{\cos x - 1}{\sin x}$.

- A) $\frac{2}{\sin x}$
- B) $2\sin x$
- C) $2\cos x$
- D) 1
- E) $\frac{1}{\sin x}$

6. Теңдеуді шешіңіз: $(2^{x-1})^{\frac{1}{3}} = \frac{2}{2^{\frac{1}{2}}}$.

- A) 2
- B) 2,5
- C) -1
- D) 3,5
- E) 1

7. Берілгені: $f(x) = 2\cos \cdot \frac{x}{2}$. Табу керек $f'(x)$.

- A) $\cos \frac{x}{2}$
- B) $-\sin \frac{x}{2}$
- C) $\sin 2x$
- D) $\sin x$
- E) $2\sin \frac{x}{2}$

8. Арифметикалық прогрессияда $a_8 = -7$, $a_{10} = 3$. a_9 табыңыз.

- A) 2

- B) 3
- C) -2,5
- D) -2
- E) 6

9. Геометриялық прогрессияда $b_2 = -18$, $b_5 = 144$. Оның еселігін табыңыз.

- A) 2
- B) 3
- C) -3
- D) -2
- E) -2,5

10. ABCD төртбұрышты периметрі 10 см тең параллелограмм. Егер ABD үшбұрышының периметрі 8 см болса, онда BD диагоналінің ұзындығы қандай?

- A) 1 см
- B) 2 см
- C) 3 см
- D) 5 см
- E) 4 см

В-деңгей (2 минутқа дейін шығарлатын есептер)

1. Берілгені: $f(x) = \frac{3-4x}{x^2}$. Табу керек $f'(x)$.

- A) $\frac{2(2x-3)}{x^3}$
- B) $(2x - 3)$
- C) $\frac{1}{x^3}$
- D) $\frac{2}{x^3}$
- E) $\frac{4x-6}{x^4}$

2. Теңсіздікті шешіңіз: $\log_2(x + 3) - 2 \log_2 4 > 0$.

- A) $(-\infty; 0)$
- B) $(13; +\infty)$
- C) $(0; 13)$
- D) $[13; +\infty)$
- E) $[14; 20]$

3. Теңдеуді шешіңіз: $x = 81^{\left(\frac{1}{4} + \log_{81} 4\right)}$.

- A) 12

- B) 21
- C) 11
- D) 22
- E) 20

4. Теңсіздікті шешіңіз: $0,2^x < \frac{1}{0,25}$.

- A) $(\log_2 25; +\infty)$
- B) $(2; +\infty)$
- C) $(\log_{0,2} 4; +\infty)$
- D) $(4; +\infty)$
- E) $(4; 25)$

5. Параллелограммның екі қабырғасы 3 : 4 қатынасындай. Оның периметрі 2,8 м. Параллелограмм қабырғасын табыңыз.

- A) 5 және 7
- B) 1 және 6
- C) 1,6 және 8
- D) 6 және 8
- E) 0,6 және 0,8

6. Қиық конус табандарының радиустері 3м, 6м, ал биіктігі 4м. Қиық конус жасаушысын табыңыз.

- A) 6 см
- B) 8 см
- C) 7 см
- D) 10 см
- E) 5 см

С-деңгей (2 минуттан астам шығарылатын есептер)

1. Өрнекті ықшамдаңыз: $(x^{\frac{2}{3}} - 3x^{\frac{1}{3}}) : (5x^{\frac{1}{3}} - 15)$.

- A) $\frac{1}{5} x^{\frac{1}{3}}$
- B) $5x^{\frac{1}{3}}$
- C) $-x^{\frac{1}{3}}$
- D) $x^{\frac{4}{3}}$
- E) $\frac{1}{5} x^{\frac{2}{3}}$

2. ABC үшбұрышының ауданын табыңыз, егер $AB = 6\sqrt{8}$ см, $AC = 4$ см, $\angle A = 60^\circ$.

- A) 24 см^2
 B) 16 см^2
 C) $12\sqrt{2} \text{ см}^2$
 D) $124\sqrt{2} \text{ см}^2$
 E) $\frac{24}{\sqrt{2}} \text{ см}^2$

3. Есептеңіз: $4 \cdot \sin 7^\circ 30' \cdot \cos 7^\circ 30' \cdot \sin 75^\circ$.

- A) 0,3
 B) 2
 C) $\frac{1}{4}$
 D) 1,5
 E) 0,5

4. Арифметикалық прогрессияда 6, 8, 10, ... және геометриялық прогрессияда 1, 2, 4, Әрқайсысының 61 мүшесі бар. Осы екі прогрессияда қанша бір біріне тең мүше бар?

- A) 8
 B) 6
 C) 3
 D) 5
 E) 4

6 кесте

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары

Математика	
№	I – НҰСҚА
<i>А-деңгей (1-2 минутта шығарылатын есептер)</i>	
1	B
2	D
3	D
4	C
5	E
6	B
7	B
8	D
9	D

10	C
<i>В-деңгей (2 минутқа дейін шығарлатын есептер)</i>	
1	A
2	B
3	A
4	C
5	E
6	E
<i>С-деңгей (2 минуттан астам шығарылатын есептер)</i>	
1	A
2	D
3	E
4	E

II-НҰСҚА

A-деңгей (1-2 минутта шығарылатын есептер)

1. Теңдеуді шешіңіз: $\log_2 x + \log_2 7 = 3$.

- A) $\frac{3}{2}$
- B) $\frac{7}{2}$
- C) 0
- D) $\frac{8}{7}$
- E) $\frac{10}{7}$

2. Теңсіздікті шешіңіз: $6^{x^2+2x} > 6^3$.

- A) $(-\infty; -3)$
- B) $(+1; +\infty)$
- C) $(-\infty; -3) \cup (1; +\infty)$
- D) $(-1; 3)$
- E) $(1; 3)$

3. Ықшамдаңыз: $\operatorname{ctgx} - \frac{\cos x - 1}{\sin x}$.

- A) $\frac{2}{\sin x}$
- B) $2\sin x$
- C) $2\cos x$
- D) 1

Е) $\frac{1}{\sin x}$

4. Теңдеуді шешіңіз: $(2^{x-1})^{\frac{1}{3}} = \frac{2}{2^{\frac{1}{2}}}$.

А) 2

В) 2,5

С) -1

Д) 3,5

Е) 1

В-деңгей (2 минутқа дейін шығарлатын есептер)

1. Теңдеуді шешіңіз: $\sin^2 x + \sin x = 0$.

А) $\pi k, k \in \mathbb{Z}$

В) $\frac{\pi}{2} k, k \in \mathbb{Z}$

С) $\pi k, k \in \mathbb{Z}$

Д) $\pi k, -\frac{\pi}{2} + 2k\pi, k \in \mathbb{Z}$

Е) $\pi k, \frac{\pi}{2} + 2k\pi, k \in \mathbb{Z}$

2. Теңсіздікті шешіңіз: $\log_3(x - 1) + \log_3 9 < 0$.

А) (1; 2)

В) $(1; \frac{10}{9})$

С) [1; 2)

Д) [- 1; 2]

Е) $[- 1; \frac{10}{9}]$

3. Берілгені: $f(x) = \frac{3x-2}{5x+8}$. Табу керек $f'(x)$.

А) $5x + 8$

В) $\frac{34}{(5x+8)^2}$

С) 34

Д) $\frac{17}{5x+8}$

Е) $\frac{1}{(5x+8)^2}$

4. Арифметикалық прогрессияда $a_1 = \frac{5}{6}$, $d = -\frac{1}{6}$, a_{37} -ні табыңыз.

А) $-\frac{1}{6}$

В) 30

С) - 31

D) $-\frac{31}{6}$
E) $\frac{31}{6}$

5. Геометриялық прогрессияда $b_2 = 18$, $b_4 = 8$, b_1 мен q – ді табыңыз.

- A) $27; \frac{1}{3}$
B) $9; -\frac{2}{3}$
C) $9; \frac{2}{3}$
D) $-27; -\frac{2}{3}$
E) $27; \frac{2}{3}$ және $-27; -\frac{2}{3}$

6. Конус биіктігі 20 см, табан радиусы 15 см. Бүйір бетінің ауданын табыңыз.

- A) $275 \pi \text{ см}^2$
B) $75 \pi \text{ см}^2$
C) $56 \pi \text{ см}^2$
D) $175 \pi \text{ см}^2$
E) $250 \pi \text{ см}^2$

С-деңгей (2 минуттан астам шығарылатын есептер)

1. Теңіз суының құрамында массасы 5% тұз бар. Құрамындағы тұз 1,5% болу үшін 15 кг тұз суына қанша тұзды су қосу керек?

- A) 35 кг
B) 50 кг
C) 25 кг
D) 70 кг
E) 45 кг

2. Моторлы қайық ағыс бағытымен 28 км және 25 км қарсы бағытта жүрді. Барлық жолға кеткен уақыт тұнық суда 54 км жолға кететін уақытқа тең. Егер ағыс жылдамдығы 2 км/сағ болса, онда моторлы қайықтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.

- A) 16 км/сағ
B) 18 км/сағ
C) 10 км/сағ
D) 14 км/сағ
E) 12 км/сағ

3. Теңдеуді шешіңіз: $(\frac{1}{2\sqrt{2}})^{x+1} = 4^{1-x}$.

- A) 5
- B) 6
- C) 7
- D) 4
- E) 8

4. Есептеңіз: $\frac{\sin x + \cos x}{\sin x - \cos x}$, егер $\operatorname{tg} x = \frac{3}{5}$.

- A) $4\sqrt{2}$
- B) - 2
- C) 3
- D) 2
- E) - 4

5. Геометриялық прогрессияның екі мүшесі $b_n = 3$, $b_{n+b} = 243$ белгілі. b_{n+3} неге тең?

- A) $3\sqrt{3}$
- B) $9\sqrt{3}$
- C) $-9\sqrt{3}$
- D) $\pm 9\sqrt{3}$
- E) $-3\sqrt{2}$

6. Бөлшектерді қысқартыңыз: $\frac{9x^2 - 25y^2}{9x^2 + 30xy + 25y^2}$.

- A) $\frac{3x-5y}{3x+5y}$
- B) $3x - 5y$
- C) $3x + 5y$
- D) $x - y$
- E) $x \cdot y$

7. Берілгені: $y(x) = x \cdot \operatorname{ctg} x$. Табу керек $y'(x)$.

- A) $\operatorname{ctg} x + \frac{x}{\sin^2 x}$
- B) $\operatorname{ctg} x - \frac{x}{\sin^2 x}$
- C) $\operatorname{ctg} x - \frac{x}{\sin x}$
- D) $\operatorname{tg} x$
- E) $x \cdot \cos^2 x$

8. Ықшамдаңыз: $\frac{\cos(-x) \cdot \cos(180^\circ + x)}{\sin(-x) \cdot \sin(90^\circ + x)}$.

- A) $\operatorname{ctg} x$
- B) $\operatorname{tg} x$

- C) – $\operatorname{tg} x$
 D) – $\operatorname{ctg} x$
 E) $\sin x$

9. Ықшамдаңыз: $\frac{\cos 2x}{\cos x + \sin x}$.

- A) $\cos x + \sin x$
 B) $\sin 2x$
 C) $\cos x - \sin x$
 D) $\cos \frac{x}{2}$
 E) $\cos^2 x$

10. Токарь 3 жұмыс күнінде 208 деталь дайындады. Ол алғышқы күні күндік нормасын орындады, екінші күні нормасын 15% - ке артық, ал үшінші күні екінші күнгіден 10 деталь артық дайындады. Токарьдің 3 күнінің әрбір күніндегі дайындаған детальдар санын табыңыз?

- A) 60, 69, 99
 B) 50, 79, 89
 C) 50, 70, 88
 D) 60, 69, 79
 E) 50, 56, 102

7 кесте

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары

Математика	
№	II - НҮСҚА
<i>А-деңгей (1-2 минутта шығарылатын есептер)</i>	
1	D
2	C
3	E
4	B
<i>В-деңгей (2 минутқа дейін шығарлатын есептер)</i>	
1	D
2	B
3	B
4	D
5	E
6	A
<i>С-деңгей (2 минуттан астам шығарылатын есептер)</i>	
1	A
2	E
3	C

4	E
5	D
6	A
7	B
8	A
9	C
10	D

А) бағытына мысал. Қысқаша көбейту формуласын пайдаланып есеп шығару тақырыбына арналған тестік тапсырмалар. Тақырыпты меңгеру деңгейін анықтап, түсінбеген тұстарын білу үшін құралған.

1. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{x^2-y^2}{x-y} - \frac{x^3-y^3}{y^2-y^2}$. (А деңгей)

A) 0

B) $\frac{2y^2+3xy}{x+y}$

C) $\frac{3xy}{(x+y)}$

D) $\frac{xy}{(x+y)}$

E) x^2y^2

2. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{c^2-6c+9}{7c} \div (3c-9)$. (А деңгей)

A) $\frac{3(c-3)^3}{7c}$

B) $\frac{(c-2)}{7c}$

C) $\frac{-1}{7}$

D) $\frac{(c-3)}{21c}$

E) $\frac{(c-1)}{3c}$

3. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{m^2-n^2}{m-n} - \frac{m^3-n^3}{m^2-n^2}$. (А деңгей)

A) $m-n$

B) $\frac{3mn}{(m+n)}$

C) $\frac{mn}{(m+n)}$

D) $m+n$

E) $\frac{m-n}{(m+n)}$

4. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{a^4-b^4}{a^3-a^2b} - \frac{a^2-b^2}{b+a}$. (В деңгей)

- A) $\frac{b^2(a-b)}{a^2}$
- B) $\frac{b(a+b)}{a^2}$
- C) $\frac{(a-b)(b^2+2)}{a^2}$
- D) $b^2(b-a)$
- E) $a-b$

5. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{a^2-ab+b^2}{a^3-b^3} - \frac{a^2+ab+b^2}{a^3+b^3}$. (В деңгей)

- A) 0
- B) $-\frac{2b}{a^2-b^2}$
- C) $\frac{2b}{a^2-b^2}$
- D) $\frac{2ab}{a^3-b^3}$
- E) $\frac{a-b}{2ab}$

6. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{a^3-b^3}{a^2+ab+b^2} \div \frac{a^2b-b^3}{a+b}$. (С деңгей)

- A) $\frac{a^2-b^2}{b(a^2+ab+b)}$
- B) b
- C) $\frac{1}{b}$
- D) 1
- E) $a+b$

7. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{a^2+b^2}{a^4-b^4} \cdot \frac{a-b}{a+b} - \frac{1}{(a+b)^2}$. (С деңгей)

- A) $\frac{2b}{(a+b)(a^2-b^2)}$
- B) 0
- C) $\frac{1}{(a+b)^2}$
- D) $\frac{b}{a^2-b^2}$
- E) $a+b$

Ә) бағытына мысал. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқушылардың білім сапасын бақылау үшін де, үш деңгейлі тесті құруға болады немесе нұсқалар үшін құрылатын дескрипторлар арқылы білім деңгейінің пайыздық мөлшерін айқындауға болады. БЖБ құрылған тестік тапсырмалар нұсқасы және оған арналған дескрипторын 8 кестеде көрсетейік.

БЖБ құрылған тестік тапсырмалар нұсқасы

«Қатынастар және пропорциялар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	
Тақырып	Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті. Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік. Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару. Масштаб. Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера
Оқу мақсаты	6.1.2.5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану; 6.1.2.6 шамаларды берілген қатынаста бөлу; 6.5.1.1 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару; 6.5.1.3 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану; 6.3.3.4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану.
Бағалау критеріі	<i>Білім алушы</i> • Пропорцияның негізгі қасиетін қолданады; • Шамаларды берілген қатынаста бөлуді қолданады; • Шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді шығарады; • Масштабты қолданып есептерді шығарады; • Дөңгелек ауданының формуласын есеп шығаруда қолданады.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	25-минут
Тапсырмалар 1. x-ті табыңыз: $\frac{x}{12} = \frac{3}{4}$ А) $\frac{3}{48}$ В) 1 С) 9 D) 161 1 мин (А деңгей)	
2. Нан зауытында екі күнде 240 тонна нан пісірілді. Бірінші және екінші күндегі пісірілген нан 8:5 қатынаста. Бірінші күні және екінші күнге қарағанда неше тонна нан артық пісірілді? 5 мин (В деңгей)	
3. Масштабы 1:10000 картада дөңгелек пішінді стадионның радиусы 3см. Осы стадионның жер бетіндегі диаметрі мен ауданын табындар. Мұндағы $\pi \approx 3,14$. 6 мин (В деңгей)	
4. Айнұр мен Жұлдыз «Мерей» дүкенінің сатушылары. Олардың айлық ақысы жұмыс күнінің санына байланысты төленеді. Жұмысқа кешігіп келген күндері үшін айлық ақысынан күніне 300 тг-ден ұсталынады. Айнұр 20 жұмыс күніне 42000 тг алды, Жұлдыз 3 күн жұмысқа кешігіп барған болса, 21 жұмыс күніне неше теңге алды? 7 мин (С деңгей)	

БЖБ құрылған бағалау критеріі

Бағалау критеріі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Пропорцияның негізгі қасиетін қолданады.	1	x-тің мәнін табады	1
Шамаларды берілген қатынаста бөлуді қолданады.	2	бөліктердің қосындысын жазады	1
		барлық жұмысқа теңестіріп теңдеу құрады	1
		бір бөліктің мәні есептеледі	1
		әр күндегі мәндерді табады	1
Масштабты қолданып есептерді шығарады. Дөңгелек ауданының формуласын есеп шығаруда қолданады.	3	есептің шартын құрады	1
		стадионның жер бетіндегі радиусын табады	1
		дөңгелектің диаметрін есептейді	1
		дөңгелек ауданының формуласын қолданып, ауданын есептейді	1
Шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді шығарады.	4	шамалардың тәуелдігін ажыратады	1
		шарты бойынша пропорция құрады	1
		пропорция арқылы есептеулер жүргізеді	1
		ұсталынған ақшаны есептейді	1
		шартқа сәйкес есептің жауабын табады	1
Жалпы балл			14

Жаңартылған білім мазмұнына сай математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыруға құрылған ТБЖ-ға арналған тестік тапсырма.

«Математика» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Пропорция **болмайтын** теңдікті таңдаңыз:

- A) $3 : 15 = 4 : 20$
 B) $3 : 4 = 15 : 20$
 C) $4 : 15 = 3 : 20$
 D) $15 : 3 = 20 : 4$

2 мин (А деңгей)

2. Бірлік кесінді ретінде 1см кесіндіні алып, координаталық түзу сызыңыз. Оның бойынан координаталары бүтін сан болатын нуктелерді белгілеңіз.

A($\frac{3}{4}$), B(-3), C(2,7), D(5), E($6\frac{1}{3}$), F(1)

4 мин (А деңгей)

3. Екі қаланың арасындағы арақашықтығы 140 км, ал картада 3,5 см. Картаның масштабын табыңыз.

- A) 1 : 4
 B) 40 : 1

- C) 1 : 400
D) 4 : 1
E) 1 : 40

2 мин (А деңгей)

4. С және М нүктелерінің координаттарын жазыңыз. М нүктесі СВ кесіндісінің ортасы. В нүктесінің координатасын анықтаңыз. СВ кесіндісінің арақашықтығын табыңыз.



6 мин (В деңгей)

5. Диаметрі 16 см шеңбердің ұзындығын және радиусы сол шеңбердің радиусынан 3 см қысқа дөңгелектің ауданын табыңыз. Мұндағы $\pi \approx 3$

7 мин (В деңгей)

6. Пропорция құру арқылы шығарыңыз

Үшбұрыштың бірінші қабырғасының ұзындығы 15 см. Екінші қабырғасының ұзындығы бірінші қабырғасының 80%-на тең. Ал үшінші қабырғасының ұзындығы екінші қабырғасынан 4 см артық. Үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтарын табыңыз.

10 мин (С деңгей)

7. Амалдарды орындаңыз: $(-5 \frac{2}{3} + 7 \frac{4}{5}) + (-3,9 - 5,7) + \frac{1}{4}$

9 мин (С деңгей)

10 кесте

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	C	1	
2	Бірлік кесіндіні 1 см деп алып, координаталық түзу сызды	1	
	B(-3), D(5), F(1) нүктелерді белгіледі	1	
3	E) 1:40	1	
4	C(-2), M(3)	1	
	$ 3 - (-2) = 5$ $ 3 + 5 = 8$	1	
	$ 8 - (-2) = 10$ бірлік кесінді	1	
5	$D_{ш} = 16 \text{ см}, R_{д} = R_{ш} - 3 \text{ см}$	1	
	$C = \pi D$ $C = 16 \cdot 3 = 48 \text{ см}$	1	
	$R_{д} = 16 : 2 - 3 = 5 \text{ см}$	1	$R_{ш} = 16 : 2 = 8 \text{ см}$ $R_{д} = 8 - 3 = 5 \text{ см}$
	$S = \pi R^2$ $S = 5^2 \cdot 3 = 75 \text{ см}^2$	1	Өлшем бірлігі жазылмаса да қабылданады
6	$a = 15 \text{ см}$ $b = 0,8 \text{ см}$ $c = 0,8a + 4 \text{ см}$	1	

	$\frac{15}{x} = \frac{100}{80}$	1	Пропорцияны қолданып шығарады
	$x = \frac{15 \cdot 80}{100} = \frac{120}{10}$	1	
	$x = 12$	1	
	$15\text{см} + 4\text{см} = 19\text{см}$	1	
7	$-5\frac{2}{3} + 7\frac{4}{5} = 7\frac{4}{5} - 5\frac{2}{3} = 2\frac{2}{15}$	1	
	$-3,9 - 5,7 = -9,6$	1	
	$2\frac{2}{15} + \frac{1}{4} = 2\frac{8}{60} + \frac{15}{60} = 2\frac{23}{60}$	1	
	$2\frac{23}{60} + (-9,6) = -(9\frac{6}{10} - 2\frac{23}{60}) = -7$	1	
Барлығы		20	

В) бағытына мысал. ҰБТ-да қолдануға арналған тестік тапсырмалар деңгейге бөлінген, яғни бірінші нұсқа *қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сынып оқушыларына арналған.*

I-НҮСҚА

1. 5460 санының ең үлкен бөлгіші болатын жай санды көрсетіңіз:

- A) 11
- B) 21
- C) 13
- D) 15
- E) 17

(А деңгей)

2. Бір сыныптағы оқушылардың 14-і ұл балалар, ал қыздардың одан 7-еуі артық. Сыныптағы оқушылардың неше проценті ұл балалар?

- A) 66%
- B) 66,7%
- C) 40%
- D) 14%
- E) 41%

(А деңгей)

3. Өрнекті ықшамдаңыз: $\sin \alpha \cos \alpha \operatorname{tg} \alpha$

- A) $\operatorname{ctg} \alpha$
- B) $1 + \operatorname{tg} \alpha$
- C) $\sin^2 \alpha$
- D) $\frac{1}{2} \operatorname{tg} \alpha$

E) $\cos^2 \alpha$

(А деңгей)

4. Айнымалының қандай мәндерінде өрнектің мәні болмайды: $\frac{a}{a^2 - 1}$.

A) 1

B) -1

C) 0; 1

D) 0

E) -1; 1

(А деңгей)

5. Егер квадраттың әрбір қабырғасы 3 есе арттырса, оның ауданы қалай өзгереді?

A) 6-есе өседі

B) 81-ге өседі

C) 9-есе өседі

D) 3-ке артады

E) 3-есе өседі

(А деңгей)

6. 2,5 кг қойдың еті үшін 475 тг төленді, сонда сол бағамен 665 теңгеге қанша кг қойдың етін сатып алуға болады?

A) 3 кг

B) 3,5 кг

C) 3,25 кг

D) 4 кг

E) 5 кг

(А деңгей)

7. Теңдеуді шешіңіз: $\frac{2+3x}{6} - \frac{3x-1}{8} - x = 0$.

A) $\frac{11}{21}$

B) -32

C) $1\frac{10}{11}$

D) 10

E) $-\frac{11}{21}$

(А деңгей)

8. Теңсіздікті шешіңіз: $|x - 5| \leq -3$.

A) [-2;5]

B) шешімі жоқ

C) [2;8]

D) $[8; +\infty]$

Е) $[5; +\infty]$

(А деңгей)

9. $f(x) = (3 - 5x)^5$ функциясының туындысын табыңыз.

A) $-5(3 - 5x)^2$

B) $-15(3 - 5x)^4$

C) $(3 - 5x)^4$

D) $-25(3 - 5x)^4$

E) $5(3 - 5x)$

(А деңгей)

10. Өрнекті ықшамдаңыз: $\left(\frac{5x^2 - 6x + 3}{x - 1} + 4x^2 - x + 2 \right) : \left(2x + 1 + \frac{2x}{x - 1} \right)$.

A) $2x - 1$

B) $\frac{2x}{x - 1}$

C) $2x + 1$

D) $-2x + 1$

E) 1

(А деңгей)

11. Теңсіздікті шешіңіз: $-x^2 - 5x + 6 \geq 0$.

A) $(-\infty; 2] \cup [3; \infty)$

B) $(-\infty; -6] \cup [1; \infty)$

C) $[2; 3]$

D) $[-6; 1]$

E) $[-3; 2]$

(В деңгей)

12. $\int_0^5 \sqrt{\frac{x}{5}} dx$ интегралын есептеңіз:

A) $4\frac{1}{3}$

B) $5\frac{1}{3}$

C) $3\frac{1}{3}$

D) $2\frac{1}{3}$

E) $\frac{1}{3}$

(В деңгей)

13. Тең бүйірлі үшбұрышта табанына жүргізілген биіктігі мен бүйір қабырға арасындағы бұрыш табанындағы бұрышынан 36° -қа кем. Үшбұрыштың төбесіндегі бұрышын табыңыз.

- A) 53°
- B) 27°
- C) 55°
- D) 52°
- E) 51°

(B деңгей)

14. Үшбұрыштың төбелері $A(3; 2; -5)$, $B(1; -4; 3)$, $C(-3; 0; 1)$ AC қабырғасына параллель болатын орта сызықтың ұзындығын табыңыз.

- A) 4
- B) $\sqrt{13}$
- C) $\sqrt{17}$
- D) $\sqrt{19}$
- E) $\sqrt{21}$

(B деңгей)

15. Конустың табан радиусы 3 м, ал жасаушысы 5 м. Конустың биіктігін табыңыз.

- A) 10 м
- B) 4 м
- C) 8 м
- D) 16 м
- E) 2 м

(B деңгей)

16. Теңдеуді шешіңіз: $3x^2 + 5x = 24 - 2x - 2x^2$.

- A) $\{-3; 1,6\}$
- B) $\{-3; -1,6\}$
- C) $\{1,6; 3\}$
- D) $\{-3; 10\}$
- E) $\{-1,6; 3\}$

(B деңгей)

17. Теңдеуді шешіңіз: $4\sin^2 x - 2 = 0$.

- A) $\frac{\pi}{2} + \pi k, k \in \mathbb{Z}$
- B) $\frac{\pi}{4} + \pi k, k \in \mathbb{Z}$
- C) $\frac{\pi}{2} + \frac{\pi}{2}k, k \in \mathbb{Z}$
- D) $\frac{\pi}{4} + \frac{\pi}{2}k, k \in \mathbb{Z}$

Е) $2\pi k, k \in \mathbb{Z}$

(С деңгей)

18. Бір уақытта ашылған екі кран бассейнді $\frac{5}{6}$ бөлігін 18 минутта толтырады. Егер оның біреуі екіншісінен бассейнді 18 мин тезірек толтыратын болса, онда әр кран жеке-жеке бассейнді қанша уақытта толтыра алады?

А) 25 мин; 55 мин.

В) 35 мин; 55 мин.

С) 26 мин; 54 мин.

Д) 36 мин; 54 мин.

Е) 38 мин; 56 мин.

(С деңгей)

19. Өрнектің мәнін табыңыз:

$$(\cos 18^\circ \cdot \cos 7^\circ - \sin 18^\circ \cdot \sin 7^\circ)^2 + (\sin 19^\circ \cdot \cos 6^\circ + \cos 19^\circ \cdot \sin 6^\circ)^2.$$

А) 1

В) $\cos^2 11^\circ + \sin 25^\circ$

С) 3.

Д) $\sin^2 11^\circ + \cos 13^\circ$

Е) 0

(С деңгей)

20. Тік призманың табанында төбесіндегі бұрышы α болып келетін тең бүйірлі үшбұрыш жатады. Осы бұрышқа қарсы жатқан жағының диагоналі ℓ - ге тең және табан жазықтығымен β бұрышын жасайды. Призманың көлемін табыңыз.

А) $\frac{1}{4} \ell^3 \cos 2\beta \cos \beta \operatorname{tg} \frac{\alpha}{2}$

В) $\frac{1}{8} \ell^3 \sin 2\beta \cos \beta \operatorname{ctg} \frac{\alpha}{2}$

С) $\frac{1}{12} \ell^3 \sin^2 \beta \cos \beta \sin \frac{\alpha}{2}$

Д) $\frac{1}{6} \ell^3 \cos 2\beta \cos \beta \operatorname{tg} \frac{\alpha}{2}$

Е) $\frac{1}{10} \ell^3 \sin 2\beta \cos \beta \operatorname{tg} \frac{\alpha}{2}$

(С деңгей)

ҰБТ-да қолдануға арналған тестік тапсырмалар деңгейге бөлінген, яғни екінші нұсқа **жаратылыстану-математикалық бағыттағы сынып оқушыларына арналған.**

II-НҮСҚА

1. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{3x-6}{x+3} \cdot \frac{x^2-9}{x^2-4}$.

A) $\frac{27}{4}$

B) $x-3$.

C) $\frac{3(x-3)}{x+2}$

D) $x+3$

E) $\frac{3(x^2-9)}{x^2-4}$

(А деңгей)

2. Теңдеуді шешіңіз: $-3x^2 - 2x + 1 = 0$.

A) $-1; \frac{1}{3}$

B) $-3; 3$

C) $\frac{1}{3}; 1$

D) $-\frac{2}{3}; 6$

E) $-\frac{1}{3};$

(А деңгей)

3. Теңдеуді шешіңіз: $2\operatorname{tg}5x + \sqrt{2} = 0$.

A) $\operatorname{arctg}\frac{\sqrt{2}}{2} + \pi k, k \in \mathbb{Z}$

B) $\frac{\pi}{4} + \pi k, k \in \mathbb{Z}$

C) $-\frac{\pi}{4} + 2\pi k, k \in \mathbb{Z}$

D) $-\frac{\pi}{20} + \frac{\pi}{4}k, k \in \mathbb{Z}$

E) $\frac{-\operatorname{arctg}\frac{\sqrt{2}}{2}}{5} + \frac{\pi}{5}k, k \in \mathbb{Z}$

(А деңгей)

4. Мектеп бітірушілер бір-біріне фотосуреттерін сыйлады. Егер 870 сурет алмастырылған болса, мектеп бітірушілер саны қанша болғаны?

- A) 25
- B) 32
- C) 28
- D) 34
- E) 30

(А деңгей)

5. Теңдеуді шешіңіз $\log_x 8 \cdot \log_{0,5} \frac{x}{2} = \log_9 \frac{1}{27}$.

- A) $2\sqrt{2}$
- B) $\sqrt{2}$
- C) $\frac{1}{4}$
- D) 4
- E) $\frac{1}{8}$

(В деңгей)

6. Теңсіздіктің дұрыс шешімін анықтаңыз: $3^{2x-1} - 3^{x-1} > 2$.

- A) $(-\infty; 1)$
- B) $(-1; +\infty)$
- C) $(1; +\infty)$
- D) $(-3; 2)$
- E) $(-2; 3)$

(В деңгей)

7. Теңсіздіктер жүйесін шешіңіз:
$$\begin{cases} 3,6 - 5x < 2x + 17,6 \\ \frac{2}{3}x \leq \frac{1}{3}x + 1\frac{2}{3} \end{cases}$$

- A) $(-2; 2)$
- B) $(-\infty; -2)$
- C) $(-\infty; \frac{2}{3})$
- D) $(-2; 5]$
- E) $[-\frac{2}{3}; +\infty)$

(В деңгей)

8. $f(x)$ функцияның туындысы $f'(x) = (x-3)^2(x^2-1)(x^2-9)$ түрінде болсын, онда функцияның максимум нүктелерінің мәндерінің қосындысын табыңыз.

- A) 0
- B) -2
- C) 4
- D) -4

Е) 2

(В деңгей)

9. Мына сызықтармен шектелген фигураның ауданын табыңыз:

$$y=4x-x^2, y=5, x=0, x=3.$$

А) 4

В) 3

С) 6

Д) 5

Е) 0

(В деңгей)

10. ABC үшбұрыштың А төбесі және ВД медианасының ортасы арқылы өтетін түзудің ВС қабырғасын қандай қатынаста бөлетіндігін анықтаңыз.

А) $\frac{3}{7}$

В) $\frac{3}{5}$

С) $\frac{4}{9}$

Д) $\frac{2}{5}$

Е) $\frac{1}{2}$

(В деңгей)

11. Теңдеулер жүйесі $\begin{cases} \frac{1}{x} + \frac{1}{y} = \frac{1}{2} \\ \frac{1}{y} + \frac{1}{z} = \frac{1}{4} \\ \frac{1}{x} + \frac{1}{z} = \frac{1}{8} \end{cases}$ болса, $\frac{1}{x} + \frac{1}{y} + \frac{1}{z}$ неге тең болады?

А) $\frac{7}{8}$

В) $\frac{7}{16}$

С) $\frac{3}{4}$

Д) $\frac{3}{16}$

E) $\frac{3}{8}$

(С деңгей)

12. ABC үшбұрышының $\angle A = \alpha$, $\angle B = \beta$, $AB = a$, AK-биссектриса. BK-ны табыңыз.

A) $\frac{a \sin \alpha}{\sin(\alpha + \beta)}$

B) $\frac{a \cos \alpha}{\cos(\frac{\alpha}{2} + \beta)}$

C) $\frac{a \cos \alpha}{\sin(\frac{\alpha}{2} + \beta)}$

D) $\frac{a \cos \alpha}{\sin(\alpha + \beta)}$

E) $\frac{a \sin \frac{\alpha}{2}}{\sin(\frac{\alpha}{2} + \beta)}$ т

(С деңгей)

13. Теңдеулер жүйесін шешіңіз:
$$\begin{cases} |x-1| + y = 4 \\ x + y = 3 \end{cases}$$

A) (0;0)

B) (3;-3)

C) (3;0)

D) (-3;3)

E) (0;3)т

(С деңгей)

14. Бір шар бетінің ауданы 18 см^2 -қа тең. Көлемі берілген шардың көлемінен 8 есе үлкен екінші шардың бетінің ауданын табыңыз.

A) $54\sqrt{2} \text{ см}^2$

B) $36\sqrt{5} \text{ см}^2$

C) 108 см^2

D) 90 см^2

E) 72 см^2

(С деңгей)

15. Тік призманың табанында төбесіндегі бұрышы α болып келетін тең бүйірлі үшбұрыш жатады. Осы бұрышқа қарсы жатқан жағының диагоналі ℓ -ге тең және табан жазықтығымен β бұрышын жасайды. Призманың көлемін табыңыз.

A) $\frac{1}{6} \ell^3 \cos 2\beta \cos \beta \operatorname{tg} \frac{\alpha}{2}$

B) $\frac{1}{12} \ell^3 \sin^2 \beta \cos \beta \sin \frac{\alpha}{2}$

C) $\frac{1}{10} \ell^3 \sin 2\beta \cos \beta \operatorname{tg} \frac{\alpha}{2}$

D) $\frac{1}{8} \ell^3 \sin 2\beta \cos \beta \operatorname{ctg} \frac{\alpha}{2}$

E) $\frac{1}{4} \ell^3 \cos 2\beta \cos \beta \operatorname{tg} \frac{\alpha}{2}$ (C деңгей)

16. $1 - 5\log_x 3 + 6\log_x^2 3 < 0$ теңсіздігінің неше бүтін шешімі бар?

A) 15

B) 11

C) 17

D) 21

E) 13 (C деңгей)

17. $f(x) = \frac{\cos^2 4x + \sin^2 4x}{x^3}$ функциясы үшін алғашқы функцияның жалпы

түрін табыңыз:

A) $-\frac{1}{2x^2} + C$

B) $\frac{1}{2x^2} + \cos x + \sin x + C$

C) $-\frac{1}{2x^2} + x + C$

D) $\frac{1}{2x^2} + C$

E) $\frac{1}{2x^2} + \cos x + C$ (C деңгей)

18. Мына сызықтармен шектелген фигураның ауданын табыңыз

$y = \sqrt{x}$, $y = 1$, $x = 4$.

A) $\frac{2}{3}$

B) $4\frac{2}{3}$

C) $7\frac{2}{3}$

D) $1\frac{2}{3}$

E) 3 (C деңгей)

19. $\vec{a} (1;2;-1)$ және $\vec{b} (2;5;3)$ векторларының скаляр көбейтіндісін табыңыз.

- A) 0
- B) 5
- C) 12
- D) 9
- E) -3

(C деңгей)

20. Шардың көлемінің және оның бетінің ауданының сан мәндері тең. Шардың радиусын табу керек.

- A) 5 см
- B) 6 см
- C) 3,5 см
- D) 4 см
- E) 3 см

(C деңгей)

2.3 Педагогикалық эксперимент нәтижелері мен тұжырымдары

Зерттеу жұмысына қойылған мақсат, міндеттерді жүзеге асырып, болжамның дұрыстығын дәлелдеуді эксперимент арқылы жүзеге асырдық. Ол үшін келесі зерттеу әдістерін қолдандық:

- зерттеудің теориялық, әдіснамалық негізін айқындау мақсатында әдістемелік әдебиеттер сарапталды;
- оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы психологиялық-педагогикалық, математикалық ұйымдастыру туралы білімдерді меңгеру нәтижелерін талдадық;
- оқушылар және мұғалімдер арасында сауалнама мен әңгіме жүргіздік;
- айқындаушы, қалыптастырушы, оқыту эксперименттерін жүргізіп оның нәтижелерін өңдедік.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу мақсатында психологиялық-педагогикалық, математикалық әдебиеттерді сараптап, төмендегідей сауалнама түрлерін жүргіздік.

Оқушыларының бітіру емтихандарына дайындық деңгейін анықтауға арналған №1 сауалнама


Т.А. _____

Мақсаты: оқушыларды Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындаудағы әлсіз тұстарды анықтау.

Нұсқаулық: ұсынылған сұрақтарға иә немесе жоқ деп барынша адал жауап беріңіз.

1. Сіз емтиханға дайындаласыз ба? _____
2. Негізгі білім қорын сіз мектепте аласыз ба? _____
3. Сіздің мұғалімдеріңіз емтихандарға сізді жеткілікті түрде жақсы дайындай ма? _____
4. Мектеп бағдарламасында жоқ материалды сіз өз бетіңізше оқисыз ба? _____
5. Сіздің ұстаздарыңыз емтихан тапсыру үшін аз білім береді деген ой туындай ма? _____
6. Барлық пәндер бойынша сіздерді бірдей жақсы дайындайды ма? _____
(егер олай емес болса, сізге қандай пән бойынша терең дайындық қажет?) _____)
7. Сізге оқудан тыс уақытта кеңес алу қажет пе? _____
8. Сіз үшін емтиханға дайындалуда ең қиыны қандай пән? _____
9. Емтиханға дайындалуға қандай фактор кедергі жасайды? _____
10. Сізге емтихан тапсырар алдында психологтың көмегі қажет пе? _____

Сауалнамаға Алматы облысы аудандырынан төрт орта білім беретін мектеп оқушылары және Талдықорған қаласынан екі мектеп оқушылары қатысты (18 сурет). Сауалнамаға 70 оқушы қатысты.




18 сурет. Сауалнама нәтижесі

Математика пәні мұғалімдерімен жүргізілген №2 сауалнама

№	Сұрақ	Жағымды жауап (%)	Теріс жауап (%)
1	Сіздің оқушыларыңыздың емтиханға дайындығы қандай деңгейде?	% (адам)	% (адам)
2	Математика пәніне қызығатын оқушылар көп пе?	% (адам)	% (адам)
3	Сіздің оқушыларыңыз тест тапсыруға жеткілікті түрде жақсы дайын ба?	% (адам)	% (адам)
4	Математикадан құрылған тестік тапсырмалар Сізді қанағаттандырады ма?	% (адам)	% (адам)
5	Математика пәніне құрылған тестер оқушылардың білім сапасын көрсете алады ма?	% (адам)	% (адам)
6	Тестің қандай түрін оқушылардың білімін бағалауда жиі қолданасыз?	% (адам)	% (адам)
7	Математикадан тест тапсырмаларының деңгейге бөлінгенін дұрыс деп санайсыз ба?	% (адам)	% (адам)
8	Математикадан БЖБ және ТЖБ өткізуге тестік тапсырмалар құрасыз ба?	% (адам)	% (адам)
9	Оқушылардың емтиханға дайындалуына қандай фактор кедергі жасайды деп ойлайсыз?	% (адам)	% (адам)
10	ҰБТ-дағы математика пәніне арналған тестік тапсырмалар Сізді қанағаттандырады ма?	% (адам)	% (адам)

Сауалнамаға Алматы облысы аудандырынан төрт орта білім беретін мектеп мұғалімдері және Талдықорған қаласынан екі мектеп мұғалімдері қатысты (19 сурет). Сауалнамаға 25 мұғалімдер қатысты.



19 сурет. Сауалнама нәтижесі

Осы мұғалімдер және оқушылармен жүргізілген сауалнама мен әңгімелесуден мынандай, яғни математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыру қажет деген қорытындыға келді.

Сонымен қатар, біз зерттеу жұмысымызда соңғы 5 жылдағы Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері бойынша статистикалық мәліметтерді келтіріп, сараптадық [129]. ҚР БҒМ Ұлттық бірыңғай тестілеу есебінен алынған (12 кесте).

12 кесте

2015-2019 жж. статистикалық мәліметтер

Көрсеткіштер/жылдар	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Тестілеуге қатысушылар (адам саны)	83262	84042	88583	98 698	110472
Шекті деңгейден өтпегендер (адам саны)	6843	5664	14063	14 627	27815
Шекті деңгейден өткендер (адам саны)	76419	78378	74520	84 071	82657
Орташа балл	79	81	80	83	80,5

Айқындау экспериментінің барысында біз эксперимент өткізу базасына таңдалған Алматы облысының аудандарының төрт орта мектебі және Талдықорған қаласының екі орта мектебінің 2016-2019 оқу жылдарындағы ҰБТ-ға қатысқан оқушылардың білім сапасын сараптадық.

Кестелерде мектеп бітірген талапкерлердің ҰБТ-ға қатысқаны және математика пәні бойынша алған бағалары келтірілген.

13 кесте

«№ 4 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша (Талдықорған қаласы)

Бітіруші түлектер саны	ҰБТ қатысатын түлектер саны	Орташа балл (жалпы)	Шекті деңгейден өтпегендер саны	Математика бойынша балл	Математика сауаттылық бойынша балл
2016-2017 оқу жылы					
81	55	80	-	18,6	10,4
2017-2018 оқу жылы					
103	59	82,5	4	22,8	11,9
2018-2019 оқу жылы					
72	34	85,2	1	25	12,3

**Математика пәні бойынша бағалар
(№ 4 орта мектеп)**

ҰБТ қатысатын түлектер саны	Баға 5 (Өте жақсы)	Баға 4 (Жақсы)	Баға 3 (Қанағаттанарлық)	Баға 2 (Қанағаттанарлықсыз)
2016-2017 оқу жылы				
55	20	14	18	3
2017-2018 оқу жылы				
59	25	14	20	-
2018-2019 оқу жылы				
34	19	7	8	-

**«№16 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Талдықорған қаласы)**

Бітіруші түлектер саны	ҰБТ қатысатын түлектер саны	Орташа балл (жалпы)	Шекті деңгейден өтпегендер саны	Математика бойынша балл	Математика сауаттылық бойынша балл
2016-2017 оқу жылы					
36	24	68,3	2	10,9	8,2
2017-2018 оқу жылы					
41	26	84,8	1	24,9	12,6
2018-2019 оқу жылы					
45	42	80,6	3	12,9	12,5

**Математика пәні бойынша бағалар
(№16 орта мектеп-гимназиясы)**

ҰБТ қатысатын түлектер саны	Баға 5 (Өте жақсы)	Баға 4 (Жақсы)	Баға 3 (Қанағаттанарлық)	Баға 2 (Қанағаттанарлықсыз)
2016-2017 оқу жылы				
24	5	12	7	-
2017-2018 оқу жылы				
26	6	9	11	-
2018-2019 оқу жылы				
42	20	6	16	-

17 кесте

**«А.С.Пушкин атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы)**

Бітіруші түлектер саны	ҰБТ қатысатын түлектер саны	Орташа балл (жалпы)	Шекті деңгейден өтпегендер саны	Математика бойынша балл	Математика сауаттылық бойынша балл
2016-2017 оқу жылы					
26	15	83,7	-	18,8	16,2
2017-2018 оқу жылы					
22	18	58,17	8	12,5	6,28
2018-2019 оқу жылы					
21	17	53,4	10	11,5	13,4

18 кесте

**Математика пәні бойынша бағалар
(А.С.Пушкин атындағы орта мектеп)**

ҰБТ қатысатын түлектер саны	Баға 5 (Өте жақсы)	Баға 4 (Жақсы)	Баға 3 (Қанағаттанарлық)	Баға 2 (Қанағаттанарлықсыз)
2016-2017 оқу жылы				
15	2	7	6	-
2017-2018 оқу жылы				
18	1	5	8	4
2018-2019 оқу жылы				
17	-	4	10	3

19 кесте

**«Титов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы)**

Бітіруші түлектер саны	ҰБТ қатысатын түлектер саны	Орташа балл (жалпы)	Шекті деңгейден өтпегендер саны	Математика бойынша балл	Математика сауаттылық бойынша балл
2016-2017 оқу жылы					
41	22	76,2	4	26,1	12,4
2017-2018 оқу жылы					
46	35	75,2	2	26,5	13,2
2018-2019 оқу жылы					
34	28	57,3	6	10,6	7,78

**Математика пәні бойынша бағалар
(Титов атындағы орта мектеп)**

ҰБТ қатысатын түлектер саны	Баға 5 (Өте жақсы)	Баға 4 (Жақсы)	Баға 3 (Қанағаттанарлық)	Баға 2 (Қанағаттанарлықсыз)
2016-2017 оқу жылы				
22	3	4	11	4
2017-2018 оқу жылы				
35	10	10	15	-
2018-2019 оқу жылы				
28	4	10	8	6

**«Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті)**

Бітіруші түлектер саны	ҰБТ қатысатын түлектер саны	Орташа балл (жалпы)	Шекті деңгейден өтпегендер саны	Математика бойынша балл	Математика сауаттылық бойынша балл
2016-2017 оқу жылы					
37	29	82,2	4	18	10
2017-2018 оқу жылы					
44	40	68,7	8	17	8,4
2018-2019 оқу жылы					
33	31	71,9	4	18	11

**Математика пәні бойынша бағалар
(Ж.Сыдықов атындағы орта мектеп)**

ҰБТ қатысатын түлектер саны	Баға 5 (Өте жақсы)	Баға 4 (Жақсы)	Баға 3 (Қанағаттанарлық)	Баға 2 (Қанағаттанарлықсыз)
2016-2017 оқу жылы				
29	4	15	10	-
2017-2018 оқу жылы				
40	5	16	19	-
2018-2019 оқу жылы				
31	4	13	14	-

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті)**

Бітіруші түлектер саны	ҰБТ қатысатын түлектер саны	Орташа балл (жалпы)	Шекті деңгейден өтпегендер саны	Математика бойынша балл	Математика сауаттылық бойынша балл
2016-2017 оқу жылы					
68	59	78	4	16	10
2017-2018 оқу жылы					
59	58	78	6	16	10
2018-2019 оқу жылы					
44	28	73,9	8	18,6	8,7

**Математика пәні бойынша бағалар
(Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы)**

ҰБТ қатысатын түлектер саны	Баға 5 (Өте жақсы)	Баға 4 (Жақсы)	Баға 3 (Қанағаттанарлық)	Баға 2 (Қанағаттанарлықсыз)
2016-2017 оқу жылы				
59	12	21	22	4
2017-2018 оқу жылы				
58	10	24	19	5
2018-2019 оқу жылы				
28	6	5	12	5


Сараптама көрсеткендей, ҰБТ-ның ең күрделі пәндерінің бірі математика болып табылады.

Соңғы жылдардағы мәліметтер бойынша оқушылардың ҰБТ кезінде көрсеткен білім сапасының математика пәнінен төмендегенін байқадық, яғни оқушылардың білім сапасын көтеретіндей тестік тапсырмалар құрудың қажеттілігі туындады.


Сондықтан, келесі кезеңде оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыру үшін математиканы оқыту процесіне қажетті тестер түрлеріне жіктеме жасап, тест тапсырмаларын құрудың ерекшеліктерін анықтадық. Алдымен оқушылардың білімді меңгергенін анықтау үшін үш деңгейдегі тестерді құрастырдық. Алдыңғы бөлімде мұндай тестің құрылымы толық сипатталынған.

Қалыптастырушы эксперимент жүргізу үшін математиканы оқытуда оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың әдістемесін жасадық. Сол әдістеме бойынша Алматы облысының аудандарының төрт орта мектебі және Талдықорған қаласының екі орта мектебінде эксперимент жұмысын жүргіздік. Ол үшін әр мектептен екі сыныптан таңдап, оларды бақылау және эксперименттік сыныптар деп бөліп, зерттеу жұмысын жасадық (20-21 суреттер).

Экспериментке алты орта мектептен **180** оқушылар қатысты.



20 сурет. Білімді меңгеру диаграммасы



21 сурет. Білімді меңгеру диаграммасы

Бақылау және эксперименттік сыныптардағы оқушылардың білімді меңгеру диаграммасынан білім сапасының **24 %** артқанын көреміз. Себебі эксперименттік сыныпқа сабақ барысында оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыруға арналған тестік тапсырмалар ұсынылып, оны жүргізуге әдістемелік нұсқаулар берілген. Оқушылардың жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныпты таңдауы ескеріле отырып тестік тапсырма ұсынылған. Сол сияқты сынып түріне лайықты тест тапсырмаларының деңгейі де өзгертіліп құрылып, тестік тапсырманы орындауға бөлінген уақытта ескерілген.

Диаграммаларда оқушылардың білімді меңгеру деңгейлерінің өзгерісі (пайыздық көрсеткішпен) 25 кестеде көрсетілген.

25 кесте

Оқушылардың білімді меңгеру деңгейлері

Бағалары	Бақылау сыныбы	Эксперименттік сыныбы	Өзгерісі %
«5»	22 %	25 %	3 %
«4»	32 %	53 %	21 %
«3»	46 %	22 %	24 %

Зерттеу қорытындысы бойынша, жоғарыдағы диаграммаларды салыстыра және талдай отырып, мынадай **тұжырымдар** жасауға болады:

- математикадан тест тапсырмаларын орындау кезінде уақыттың;
- оқушының таңдаған бағытының (жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық);
- тест тапсырмалар деңгейінің ескеріп қолдануы білім сапасын арттыратындығын растады.

Ұсынылған материалдар мен нұсқауларды пайдаланған оқушылар сыныбында математика пәнінің деңгейі, дәстүрлі түрде оқыған сыныпқа қарағанда айтарлықтай жоғары. Бұл математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудан оң нәтиже алуға болатынын және математика сабақтарында оқу іс-әрекетін тиімді өзектендіруге жағдай туғызатынын дәлелдейді.

Оқушылардың психологиялық жай-күйін ескере отырып математика пәнінен тестік тапсырмаларды орындауға арналған төмендегідей пайдалы кеңестер:

1. Математикаға – көп уақыт!

Математика тестерін ең соңынан орындауға және оған басқа пәндерге қарағанда көп уақыт бөлуге тырыс.

2. Жауаптарға қара!

Тапсырма түсінікті болса, бірден жауап нұсқаларын зерттеуге көш. Тестінің түріне байланысты оның дұрыс жауабын табудың тиімді әдістерін

(жауап нұсқаларын бағалау, есеп шартына сәйкес келмейтін жауаптарды сызып тастау, белгісіздің орнына қойып тексеру, симметрия, т.б. әдістер) пайдалануға тырыс.

Бұл әдістерді қолдану мүмкін болмаған жағдайда есепті таза математикалық әдіспен шығаруға кіріс.

3. Тез есепте!

Тапсырманы орындау кезінде кездесетін арифметикалық есептеулерді тиімді, әрі оңай тәсілдермен жүргізуге тырыс (мәселен, 2-ге, 11-ге, 12-ге, т.с.с. тез көбейту, екі таңбалы сандарды тез көбейту, тез түбір табу, т.б. әдістер).

4. Орнына қой!

Аса күрделі алгебралық өрнектерді ықшамдағанда немесе күрделі теңдеулер мен теңдеулер жүйелерін шешкенде оған айнымалының жауап нұсқаларында ұсынылған мәндерін қойып тексер.

5. Формуланы еске түсір!

Қажетті формуланы ұмытып қалған жағдайда оны еске түсірудің оңай жолдарына жүгін (мысалы, «саусақтардағы» тригонометрия, келтіру формулалары, қысқаша көбейту формулалары, т.с.с).

6. Мәтінді есепке мән бер!

Алдымен оның қай есептер түріне жататынын анықтап ал, өйткені әр есеп түрлерін шығарудың өзіндік оңай әдістері бар (мысалы, қозғалысқа немесе жұмысқа берілген есептерді кесте толтыру әдісімен, концентрация мен қорытпаларға берілген есептерді диагональдық схема әдісімен немесе Пирсон әдісімен тез шығаруға болады).

7. Графиктерді және диаграммаларды оқи біл!

Графиктермен немесе диаграммалармен берілген есептерді шығаруда оларды жауап нұсқаларымен салыстыру әдісін пайдалан [130].

Екінші бөлім тұжырымы

Математиканы оқытуда тест нұсқаларын құрудың ерекшеліктеріне тоқталуды біз тестің даму кезеңдерін айқындаудан бастадық, яғни **тестің іздеу кезеңі, кең таралу кезеңі және дамыту кезеңінен** өткендігі көрсетілді. Сол сияқты қазіргі кезде математиканы оқыту процесінде қолданылып жүрген тест тапсырмаларының **түрлері** топқа бөлініп, **ерекшеліктерін** айқындап, **мысалдар** келтірілді. Тестің атқаратын **бақылау, диагностикалау, басқару сияқты үш функциясын** ашып сипаттап, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы орнын мысалмен дәлелдедік.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін математиканы оқытуда тест арқылы ұйымдастырудың әдістемесін және әдістемелік нұсқаулар ұсынылды. Яғни, тестің атқаратын үш функциясының оқушылардың оқу іс-әрекетіне байланыстылығын көрсетуді **модель** арқылы бейнеледік. Зерттеу барысында математиканы оқыту процесінде тест тапсырмаларын қолданудың негізгі бағыттары айқындалды, олар:

- **білімді меңгеруді бағалау бағытына арналған;**
- **БЖБ және ТЖБ ұйымдастыруға арналған;**
- **ҰБТ-да қолдануға арналған.**

Математиканы оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың **моделі** құрылып, оның әрбір компоненттері сипатталды. Мұнда негізінен білімді меңгеруге арналған тестік тапсырмалардың **құрамы мен уақыты, пайыздық деңгейі, түсі** көрсетіліп, оларды дайындауға **әдістемелік нұсқаулар** берілді. Қолдану бағытының ерекшелігін ескере құрылған тестерге қойылатын талаптарды **тұжырымдадық.**

Зерттеу жұмысына қойылған мақсат, міндеттерді жүзеге асырып, болжамның дұрыстығын дәлелдеуді эксперимент арқылы жүзеге асырдық. Ол үшін келесі **зерттеу әдістерін қолдандық:** зерттеудің теориялық, әдіснамалық негізін айқындау мақсатында әдістемелік әдебиеттер сарапталды, оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы психологиялық-педагогикалық, математикалық ұйымдастыру туралы білімдерді меңгеру нәтижелерін талдадық, оқушылар және мұғалімдер арасында **сауалнама мен әңгіме жүргіздік, айқындаушы, қалыптастырушы, оқыту эксперименттерін жүргізіп** оның нәтижелерін өңдедік.

Зерттеу қорытындысы бойынша, диаграммаларды салыстыра және талдай отырып, мынадай **тұжырымдар** жасалды: математикадан тест тапсырмаларын орындау кезінде уақыттың, оқушының таңдаған бағытының (жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық) және тест тапсырмалар деңгейінің ескеріліп қолданылуы білім сапасын арттыратындығын растады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заманауи қоғамға сай шығармашылықпен ойлайтын білімді, білікті, саналы ұрпақты даярлау үшін математиканы оқытуда тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін зерттеуді бүгінгі таңда **өзекті** деп санай отыра алдымызға бірнеше міндет қойдық.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты және алдымызға қойған міндеттерге сай мынадай теориялық-практикалық нәтижелер алынды.

1. Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделді. Білім беру мазмұны оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру негізінде дамитын және жұмыс істейтін белгілі бір тұтастық ретінде қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде қолданылатын оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тұжырымдамасы, оны білім беру мазмұнының көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар оны зерттеу және жобалау әдісі ретінде де қарастырады.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан төмендегідей тұжырымдадық, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру білім беруді дамытудың маңызды шарты және идеяны іске асыру құралы болып табылады.

2. Математиканы оқытуда тестік тапсырмаларды құрудың ерекшеліктерін анықтау. Тестология ғылым ретінде XIX ғасырдың соңында адам өмірі мен қызметінің бірнеше саласында дами бастаған. Ол физикалық және ақыл-ой дағдыларын игеруді бағалау үшін қолданылған. Э.Торндайк (1874 - 1949) психологиялық және педагогикалық тестілердің дамуының үш кезеңін анықтаған (іздеу кезеңі, кең таралу кезеңі, дамыту кезеңі).

Дегенмен, тест мектептерде, колледждерде, коммерциялық мектептерде оқушылардың білімін тексерудің негізгі формасына айналды.

Қазіргі кезде математиканы оқыту процесінде қолданылып жүрген жеті түрдегі тест тапсырмалары бар, олардың әрқайсысының математиканы оқыту процесінде қолданылуының ерекшелігі айқындалды.

Математиканы оқыту процесінде қолданылатын тестік тапсырмалардың негізгі атқаратын функциялары ашылды.

Мұндағы тестің **диагностикалау** функциясы тек анықтау ғана емес, сонымен қатар іс-әрекеттерді қолданудағы қатенің себебін, сондай-ақ оны жою жолдарын көрсету болып табылады.

Диагностиканы жүргізгеннен кейін тестер жасалады, олардың тапсырмаларын орындау кезінде оқушылардың іс-әрекеттерді игерудің бір деңгейінен екіншісіне ауысуы болатындай етіп жасалады. Бұл тестер оқу функцияларын жүзеге асыруға бағытталған, олардың көмегімен оқушылардың математикалық белсенділігі **басқарылады**, білімді меңгеру сапасы көрінеді.

Оқушылардың математикадан оқу іс-әрекетін **бақылау функциясы** алынған материалдың көлемін, оқушылардың білімінің толықтығын тексеруге бағытталған.

Бақылау, диагностика және басқару тестілері тапсырмаларының кейбір ерекшеліктерін айқындадық:

- бақылау тестілері ұсынылған тапсырмалардың көпшілігін қамтиды, балама нысандағы тапсырмаларды қоспағанда, тек екі жауап бар, бұл дұрыс деп болжау мүмкіндігін едәуір арттырады;

- диагностикалық тестерде іс-әрекеттерді игерудің барлық төрт деңгейінің тапсырмалары болуы керек, сондықтан бұл тапсырмалар тек мазмұндық жағынан ғана емес, сонымен қатар презентация түрінде де әр түрлі болады.

3. Математиканы оқытуда оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың әдістемесін жасау үшін, тестің атқаратын үш функциясының оқушылардың оқу іс-әрекетіне байланыстылығын көрсететін модель дайындаудан бастадық. Модельдің әрбір компоненттерін толық сипаттадық.

Математиканы оқыту процесінде басқару мен диагностикалық тестер, тұжырымдаманы қалыптастыру процесінде тапсырмалардың құрамы мен оларды қолдану орны, теоремамен жұмыс жасау үшін ерекшеленеді.

Бақылау тестері оқытудың бақылау функциясын жүзеге асыратын тестерден тұрады және тақырыпты, тұжырымдаманы, теореманы зерттегенге дейін және одан кейін қолданылады. Бірінші жағдайда, олардың көмегімен үлкен тақырыпты немесе жаңа тақырыпты зерттемес бұрын қалыптасқан әрекеттердің жағдайы анықталады. Екіншіден, тақырыпты, бөлімді, бүкіл оқу жылын, тоғыз жылдық немесе орта мектеп курсы оқу процесінде қалыптасқан әрекеттер бақылауға алынады.

Зерттеуіміз бойынша математиканы оқыту процесінде тест тапсырмаларын қолданудың негізгі бағыттары анықталды:

1. Математиканы оқыту процесінде білімді меңгеруді бағалау бағытына арнап тестік тапсырмаларды құрастыруға болады, мұндағы негізгі мәселе күнделікті өтіліп жатқан тақырыптарды меңгеруін және түсінбеген жерлерін тез айқындап, оны жою бағытында жұмыс жүргізуге болатындығында.

2. БЖБ және ТЖБ ұйымдастыруға арналған тест тапсырмаларын дайындауда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру негізге алынады.

3. ҰБТ-да қолдануға арналған тестік тапсырмаларды құрастыруда, тест тапсырмалары барлық түрдегі жабық (бір және бірнеше таңдау үшін) және ашық түрдегі тапсырмалар болғаны дұрыс.

Жоғарыда көрсетілген бағыттардағы математиканы оқыту процесіне оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыруға құрылған **модельге** сүйене жүргізген тиімді. Себебі, мұнда математиканы оқыту процесінде тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру теориялық және әдістемелік тұрғыдан қалай қалыптасу керек екендігі айқын

көрініс тапқан және бұл модельден зерттеу жұмысының түйінін көруге болады.

Мұнда көрсетілген бағыттардың ерекшелігін ескере отырып, тесті ұйымдастыруға қойылатын талаптарды тұжырымдадық:

- 1) Математикалық тест тапсырмаларының мазмұнының білім беру стандартына сәйкес болуы;
- 2) Таңдалған бағытқа байланысты (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық) математикалық тест тапсырмаларының деңгейінің ескерілуі;
- 3) Математикалық тест тапсырмасының мәтінінің түсінікті тұжырымдалуы;
- 4) Математикалық тест тапсырмасының жүйелілігі (қарапайымнан күрделіге);
- 5) Математикалық тест тапсырмаларын орындауда міндетті түрде уақыттың ескерілуі;
- 6) Математикалық тест тапсырмаларының тиімді жолмен орындалуы керек.

Сонымен қатар, бағытты тестерді құруға **әдістемелік нұсқаулар** ұсындық. Үш бағыт, яғни:

А) білімді меңгеруді бағалау бағыты;

Ә) БЖБ және ТЖБ ұйымдастыруға арналған;

Б) ҰБТ-да қолдануға арналған математикалық тест тапсырмалары деңгейлеп құрылуы керек.

Егер оқушылардың білім сапасын анықтау үшін, олардың білімі қажетті деңгейден өтпеген болса, онда қай деңгейінде көрсеткіші төмен болды, осы жағдайды ескере отырып **түс** енгіздік.

Білім сапасын анықтайтын кез-келген тестік тапсырмаларды үш деңгейде құрып, ол деңгейлерді үш түрлі (ашық қызыл, ашық жасыл, ашық күлгін) түспен белгіледік.

Зерттеу жұмысына қойылған мақсат, міндеттерді жүзеге асырып, болжамның дұрыстығын дәлелдеуді эксперимент арқылы жүзеге асырдық. Ол үшін келесі **зерттеу әдістерін қолдандық**: зерттеудің теориялық, әдіснамалық негізін айқындау мақсатында әдістемелік әдебиеттер сарапталды, оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы психологиялық-педагогикалық, математикалық ұйымдастыру туралы білімдерді меңгеру нәтижелерін талдадық, оқушылар және мұғалімдер арасында **сауалнама мен әңгіме жүргіздік, айқындаушы, қалыптастырушы, оқыту эксперименттерін жүргізіп** оның нәтижелерін өңдедік.

Зерттеу қорытындысы бойынша, диаграммаларды салыстыра және талдай отырып, мынадай **тұжырымдар** жасалды: математикадан тест тапсырмаларын орындау кезінде уақыттың, оқушының таңдаған бағытының (жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық) және тест

тапсырмалар деңгейінің ескеріліп қолданылуы білім сапасын арттыратындығын растады.

Сонымен, **зерттеу жұмысымыздың қорытындысы** төмендегідей:

1. Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тұжырымдалды;

2. Математиканы оқытуда тестік тапсырмаларды құрудың ерекшеліктері анықталды, оқушылардың оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастыруды жетілдіру ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделді;

3. Математиканы оқытуда оқу іс-әрекетін тест арқылы ұйымдастырудың әдістемесі жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
<http://om114kaz.narod.ru/BilimZan.htm>
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан).
4. Давыдов В.В. Учебная деятельность и творчество учащихся // Формирование творческого мышления школьников в учебной деятельности. Уфа, 1985. - 4.1. - С.5-12.
5. Бабанский, Ю.К. Избранные педагогические труды. - М.: Педагогика, 1989. - 558 с. http://elib.gnpbu.ru/text/babanskiy_izbrannye-pedagogicheskie-trudy_1989/
6. Саранцев Г.И. Общая методика преподавания математики: Учеб. пособие. – М: Просвещение, 2002. – 224 с.
7. Гусев В.А. и др. Методика преподавания геометрии в средней школе. М.: Академия, 2002. – 385 с.
8. Лапчик М.П. Информатика и технология: компоненты педагогического образования // Информатика и образование, 1992, №1.-С.3-6.
9. Далингер В.А. Основные направления совершенствования подготовки учителя математики в педагогических вузах // Международный журнал экспериментального образования. - 2014. - № 5 - С. 70-72.
10. Абылқасымова А.Е. и др. Научно-методические основы совершенствования содержания общего образования в Республике Казахстан. –Алматы, 2001. –123 с.
11. Кагазбаева А.К. Совершенствование профессионально-методической подготовки учителя математики в системе высшего педагогического образования: дис. ...док.пед.наук. –Алматы: АГУ, 1999. – 324с.
12. Бидайбеков Е.Ы. Математика-информационные технологий в теории и практике обучения // Учеб. пособие-Алматы, 1996.-86 б.
13. Балыкбаев Т.О. Теоретико-методологические основы формирования студенческого контингента вузов: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 2003. – 298.
14. Кеңесбаев С.К. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге дайындаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Түркістан, 2006. – 312 б.
15. Нұғысова А.Н. Болашақ математика мұғалімдерін оқушылардың есеп шығару білігін қалыптастыруға дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. : 13.00.08. – Қарағанды, 2005. – 336 с.

16. Рахымбек Д.К. Болашақ математика мұғалімін оқушылардың логико-методологиялық білімдерін жетілдіру жұмысына дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері пед. ғыл. канд. ... дис. : 13.00.02.– Шымкент, 1998.- 336 с.

17. Сатыбалдиев О.С. Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары педагогикалық оқу орындарында математикалық анализ курсының оқытудың әдістемелік жүйесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Алматы, 2004. – 302 б.

18. Садықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі: пед. ғыл. канд. ... автореф.:13.00.08.– Түркістан, 2008. – 336 б.

19. Чакликова С.Е. Дидактические основы создания учебно-методического комплекса по математике для базовой школы: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 1997. – 271 с.

20. Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах РК: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 1999. – 153 с.

21. Қасқатаева Б.Р. Болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік құзырлығын қалыптастыру. - Алматы, 2009.- 265 б.

22. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004. – 377 б.

23. Кенжебеков Б.Т. Педагогикалық жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. :13.00.08. – Караганды, 2005. – 267 б.

24. Нурканова Р.О. Методические основы профессиональной готовности будущего специалиста-математика как исследовательской деятельности в условиях многоуровневой системы образования: дис. ... док. пед. наук: 13.00.02. –Алматы, 2000. – 300 с.

25. Кожабаев К.Г. Научно-методические основы реализации воспитательно-развивающих функций школьного курса математики и подготовка к ней будущего учителя: дис. ... док. пед. наук: 13.00.02. – Алматы, 2006. – 385 с.

26. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.

27. Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности учителей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2004. – 30 с.

28. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Қазіргі дидактика. Оқу құралы. - Алматы: Ғылым, 2006. – 280 б.

29. Богоявленская Д.Б. Исследование творчества и одаренности в традициях процессуально-деятельностной парадигмы // Основные современные концепции творчества и одаренности / Под ред. Д.Б. Богоявленской. - М., 1997.

30. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 2006.

31. Чуприкова Н.И. Умственное развитие и обучение (Психологические основы развивающего обучения) / М.: АО «СТОЛЕТИЕ», 1994. – 192 с.
32. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования.-М.: Учпедгиз, 1958.-148 с.
33. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды / Д.Б.Эльконин. - М.: Педагогика, 1989. - 560 с.
34. Баймуханов Б.Б. Методические основы обеспечения базового уровня общеобразовательной математической подготовки в школах Казахстана : диссертация ... доктора педагогических наук : 13.00.02. - Алма-Ата, 1992. - 421 с.
35. Исакова Л.Т. Методическая система дифференцированных задач как условие контроля и учета результатов обучения математике в средней школе: автореф. ...док. пед. Наук. –Алматы: КазНПУ, 2005. – 42 с.
36. Сеитова С.М., Тойбазаров Д. Формирование логического мышления учащихся через решение прикладных задач // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – 2019. – 1(74) – С. 34-37.
37. Сеитова С.М. Орта мектепте жоғары математика элементтерін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. – Талдықорған: издательство «ТОО Принтланд» -2010.-174 с.
38. Смагулов Е.Ж. Дидактические основы формирования математического мышления учащихся в системе непрерывного математического образования: дис. ...док, пед, наук. –Алматы: КазНПУ, 2009. –285 с.
39. Абылқасымова А.Е., Исакова Л.Т. Задачи как средство контроля и оценки знаний учащихся. – Алматы, 2005. – 98 с.
40. Аванесов В.С. Композиция тестовых заданий. Учебная книга. 3 изд., доп. - М.: Центр тестирования, 2002. - 240 с.
41. Майоров А.Н. Теория и практика создания тестов для системы образования. (Как выбирать, создавать и использовать тесты для целей образования). - М.: Народное образование, 2000. - 352 с.
42. Нейман Ю.М., Хлебников В.А. Введение в теорию моделирования и параметризации педагогических тестов. - М.: Прометей, 2000. - 168 с.
43. Самыловский А.И. Тест как объективный измерительный инструмент в образовании //Вопросы тестирования в образовании - М., 2001. - №1. - С. 10-39.
44. Челышкова М.Б. Теория и практика конструирования педагогических тестов: Учебное пособие. - М.: Логос, 2002. - 423 с.
45. Солонин Е.В. Тестирование как средство управления процессом формирования у учащихся системы качеств знаний по математике: дис. ... кан. пед. наук: 13.00.02. – Омск, 2004. – 186 с.
46. Новичкова Т.Ю. Теория и методика использования тестов в обучении математике учащихся общеобразовательных учреждений: дис. ... кан. пед. наук: 13.00.02. – Пенза, 2004. – 177 с.

47. Абдолдинова Г.Т. Тестік тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың математикадан білім сапасын бағалаудың әдістемелік ерекшеліктері; пед. ғыл. канд. ... дис. 13.00.02. – Алматы, 2010. – 26 б.
48. Смагулов Е.Ж. Тест тапсырмаларын құрастыру негізі. Қазақстан мектебі. - Алматы, 2010.-№10. 60-62 б.
49. Смагулов Е.Ж., Хаймулданов Е.С. Методика использования современных образовательных технологий и тестов учащимися в приобретении математических знаний. «ВЕСТНИК КАЗ ГУ им. АЛЬ-ФАРАБИ», Серия «Педагогические науки», № 1 (58), 2019 г., г. Алматы, 117-125 с.
50. Алтынсарин Ы. Шығармалары. – Алматы; Жазушы, 1986. – 201 б.
51. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы, 1996. – 67 б.
52. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
53. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
54. Дулатов М. Шығармалары. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1991. – 348 б.
55. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1984. – 147 б.
56. Танирбергенова А.Ш. Бастауыш сынып математикасын оқыту барысында оқушылардың рефлексивтік қатынастарын қалыптастырудың әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. Алматы, – 2010.
57. С.Л. Рубинштейн Основы общей психологии. - Санкт-Петербург: Питер, 2015. - 705 с.
58. Хуторской А. В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – № 2. – С . 58-64; № 5. – С. 55-61.
59. Давыдов В.В. О понятии развивающего обучения: сб. статей / Сиб. ин-т развивающего обучения. – Томск: Пеленг, 1995. – 142 с.
60. Семькина Ю. Портрет современного школьника // Континент. – А., 2004. - №12(124) – С.14-15.
61. Усова А.В. Совершенствование методики формирования учебных умений – необходимое условие повышение эффективных учебного процесса //Формирование умений и навыков учебного труда в процессе обучения школьников.-М.: Просвещение, 1981.-С.10-24.
62. Выготский Л.С. Психология развития человека / Л.С.Выготский. – М.: Смысл. Эксмо, 2005. – 1136 с.
- 63.Ильин Е.П. Мотивация и мотивы СПб.: Питер, 2000 - 512 с.
64. Құсайнов А.Қ., Наби Ы.А. Педагогика мен психология саласындағы диссертациялар (Анықтамалық талдама шолу). - Алматы: РОНД, 2005 - 183 б.
65. Дробышева И.В. Мотивация: дифференцированный подход // Математика в школе 2001.- №4- С.46-47.
66. Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір» 2011. – 272 б.
67. Психолого-педагогический словарь/ Сост. В.А. Мищериков. - Ростов-на-Дону: Феникс, 1998. – 544 с.

68. Бухаркина М.Ю., Полат Е.С., Моисеева М.В., Петров А.Е. «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования»: Учебное пособие для студентов пед.вузов и системы повышения квалификации педагогических кадров, под редакцией Е.С.Полат – Академия, 2001 – 272 с.
69. Краевского В.В., Лернера И.Я. Теоретические основы содержания общего среднего образования. Под ред. – М.: Педагогика, 1983. – 352 с.
70. Бабанский Ю.К., Поташник М.М. Оптимизация педагогического процесса. – Киев: Радянська школа. 1983. – 287 с.
71. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. - М.: Институт развития профессионального образования, 1995. - 286 с.
72. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности: Учебное пособие. – М.: Аспект - Пресс, 1995. – 271с.
73. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., 1989.
74. Башмаков М.И., Поздняков С.Н., Резник Н.А Информационная среда обучения. - СПб.: СВЕТ, 1997. - 400 с.
75. Столяр А.А. Педагогика математики. – Минск: Высшая школа.– 1986. – 207 с.
76. Агибалов А.В. Конструирование тестов и методика их использования при контроле знаний учащихся по математике: Автореф. дис. канд. пед. наук. - М., 1987. - 16 с.
77. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие. – Алматы, 2007.
78. Абдолдинова Г.Т. Математикадан тестік есептері. Оқу-әдістемелік құрал. – Талдықорған, 2001. – 160 б.
79. Новичкова Т.Ю. Теория и методика использования тестов в обучении математике учащихся общеобразовательных учреждений: Автореф. дис. канд. пед. наук. - Саранск, 2004. - 17 с.
80. Смагулов Е.Ж., Хаймулданов Е.С. Условия эффективности самостоятельной работы студентов. Международный научный журнал // Наука и жизнь Казахстана, №1 (74), 2019 г., г. Нур-Султан 337-340 с.
81. Афонина Л.И. Критериально-ориентированное тестирование как эффективное средство измерения и оценки учебных достижений учащихся средних образовательных учреждений. - Дис....канд.пед.наук, Саратов, 2000 г. -207 с.
82. Аванесов В.С. Тестирование как основа формирования честной и объективной оценки учебных достижений. / www.testolog.narod.ru
83. Jenkins, K. N., Kulick, R. B., Warren, J. R. (2006). High school exit examinations and state-level completion and GED rates, 1975 through 2002. Educational Evaluation and Policy Analysis, 28, 131–152.

84. Uulu B.B., Smagulov Y. Analysis of dynamics of high school graduates who participated in the unified national test Kazakhstan// Mathematics Education - Volume 11, Issue 8, 2016, Pages 3176-318 6.

85. Mehrens W., and Kaminski J. (1989) 'Methods for improving standardised test scores: Fruitful, fruitless or fraudulent?', Educational Measurement: Issues and Practice , Spring, pp. 14 – 22.

86. Бурлакова Т.В., Огурцова Е.Ю. Методические основы использования компьютеров в процессе формирования математических понятий // Опыт информатизации образования в высшей школе: Состояние и перспективы. Сб. Статей к конференции. Издательство ИГАСА, Иванова, 1996.-С.31-33.

87. Есенғабылов І.Ж. Орта мектепте білім беруді ақпараттандыруға шолу. // «Ұлт тағлымы» Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы, Алматы, -2010.- Б. 56-60.

88. Бекболғанова А.Қ. Ақпараттық-қатынастық технологияны пайдаланып, техникалық колледжде математиканы оқытудың қолданбалы бағытын арттырудың әдістемесі: пед.ғыл. канд.... автореф. – Алматы, 2009 – 30 б.

89. А.О.Алдабергенова «Ашық интерактивті тапсырмалардың компьютерлік бағдарламаларын жасаудың әдістемесі (алгебраны оқыту мысалында)» автореферат – Алматы, 2010. – 26 б.

90. Бабаев Д.Д., Смагулов Е.Ж., Хаймулданов Е.С. Математиканы оқытуда ІТ технологияларды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері. ВЕСТНИК Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова. Серия «Математика и естественно-технические науки». Стр.11-15. Талдыкорган, 2018.

91. А.О.Алдабергенова Организация процесса обучения алгебре с использованием компьютерных технологий //«Использование технологий дистанционного обучения в высшей школе» Международная научно-практическая конференция, Караганда, 2009. – С. 25-29.

92. Далингер В.А. Компьютерно-ориентированное преподавание геометрии в средней школе. Составитель части 1, 2. -Омск, ОГПИ, 1989.- часть 1-30 с., часть 2-58 с.

93. Мамыкина Л.А. Усовершенствование методической системы обучения математике в контексте профилизации средней школы // Вестн. Помор. ун-та. Сер.: Гуманит. и соц. науки. - 2009. - №6. - С. 162–166.

94. Smagulov E.Zh., Smagulov B.E., Zheksenbay A.T. On the role of tasks in the formation and development of students' mathematical thinking. Proceedings of the international scientific - practical conference "PROBLEMS OF MATHEMATICAL EDUCATION IN THE INFORMATION SOCIETY", dedicated to the 85th anniversary of the doctor of pedagogical sciences, professor Burkit Baymukhanov, April 8, 2016. S.247-250. Almaty, 2016.

95. Нұрбекова Ж.К. Применение математических методов и информационных технологий в педагогических исследованиях. // Вестник ЕНУ.-Астана,2003.-№4(36). - С.46-50.

96. Смагулов Е.Ж., Жанатбекова Н.Ж., Хаймулданов Е.С. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету – бәсекеге қабілетті болашақ кепілі. «Заманауи математикалық білім: тәжірибе, проблемалар, келешек» атты п.ғ.д., профессор Қ.Ф.Қожабаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 8 маусым 2018 ж., Көкшетау қаласы, 366-369 б.

97. Полат Е.С. «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования», 3-е издание, исправленное и дополненное. – Москва, изд.: Академия, 2008. – 250 с.

98. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсендірудің дидактикалық шарттары: пед. ғылым. канд... дисс.-Алматы 2005. - 147 б.

99. Абдолдинова Г.Т. Тестілік бақылау тәсілдерін пайдаланудың психологиялық-педагогикалық аспектілері // «Ұлт тағлымы». – Алматы, 2005. - №2. – Б.115-117.

100. Seitova, S., Smagulov, Y., Khaimuldanov, Y., Tulymsyakova, G., Abdykarimova, A. Methodological requirements for the arrangement of independent work on neuro-linguistic programming techniques for mathematical disciplines at the university. Periodico Tche Quimica. Volume 15, Issue 30, 2018, Pages 330-337. ISSN: 1806-0374. Porto Alegre. RS. Brasil. <https://journals.indexcopernicus.com/api/file/viewByFileId/529171.pdf>

